Жалпы қорыта келгенде, ШҚО туризмнің даму мәселесі көп. Бірақ оны шешу жолдары, оны дұрыс ұйымдастырудағы шаралар барлығы мемлекет, үкімет тарапынан бағдарламалар негізінде қарастырылып отыр. Тағы да мемлекеттік бағдарламалардың ресми түрде ғана жазылып, бірі жүзеге асып, екіншісінің іс жүзінде аспауы қатты өкіндіреді. Дегенмен оған қарамастан, мемлекет тарапынан бағдарламалар мен жобалар жасалып, жеке кәсіпкерлердің ат салысуымен облыстың туризмнің мүмкіншілігі істе қолданылып жатса өте жақсы болушы еді. Туризм түрлері бойынша жеке маршруттар немесе аралас маршруттарды талапқа сай ұйымдастырса ғана, осы салада жетістіктерге жетуге болатыны шындық.

Д.Е. Советбекова
№22 орта мектеп-лицей, Семей қаласы
Ғылыми жетекшісі: Г.Т. Саяхова

ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТАБИҒАТТЫ БЕЛСЕНДІ ҚОРҒАУҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Адам – табиғатпен егіз. Сондықтан да, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау, оған қамқор болу адамзат баласы үшін маңыздылығын жойған емес. Егер сіз табиғатқа қамқорлық жасасаңыз, оны табиғат үшін емес өзіңіз үшін, келешек ұрпақ үшін жасалған сауапты іс деп түсінгеніңіз жөн шығар.

Біз – тумасынан табиғатты сүйіп өскен, қоршаған ортаға үлкен ілтипатпен қараған халықпыз. Өкінішке орай, ғылым мен техниканың ғаламат жетістіктері және шапшаң дамуы, адамзаттың табиғатты тонауы, биосферадағы жаратылыстың тепе-теңдік заңдарын бұзды. Осылардың нәтижесінде жеріміздің ауасы тарылып, өзен-көлі бүлініп, жайылымдардың топырағы тілініп, қоршаған ортамыз көз алдымызда азып-тоза бастады. Мұның соңы азынаған желге, улы жаңбырға, ормандардың мезгілсіз қурауына, ауа райының бұзылуына, қоршаған ортаның әр түрлі улы қосылыстармен ластануына әкеліп соқтырды. Міне енді осы экологиялық апаттан қалай құтылуға болады? Табиғатты қалай сауықтыруға болады? Бұл өте күрделі мәселе. Бұл үшін ең алдымен адамдардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, дұрыстау керек, тәрбиелеу керек. Ол үшін балалар бақшасынан бастап, мектептерде, жоғары оқу орындарында, адамдардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, қалыптастыру керек. Қазіргі заманға сай экологиялық идеология қажет. Егер біз жас ұрпақты кішкентай кезінен бастап табиғатты сүйуге тәрбиелемесек көп нәрседен ұтылатынымыз айдан анық. Сонда ғана, әрбір адам өз көзқарасында қоршаған ортаны бүлдірмеу керектігі туралы негіз қалыптасады. Туған өңір табиғатын қорғауда белсенділік көрсете алады. Қазақстан Республикасының Конституциясында *қоршаған ортаны қорғау* әрбір азаматтың абыройлы *мақсаты* болып саналатыны атап көрсетілген. Осыны негізге ала отырып экологиялық білім мен табиғат қорғауда біздің мектептің оқушылары мен ұстаздары өз үлесін қосуда.

Мектебіміздің оқу-тәжірибелі телімі

Оқу-тәжірибе телімі мектептің көпшілігінде бар. Оларды ашық аспан астындағы жасыл зертхана деп атауға болады. Тәжірибе алаңы оқушы үшін қызықты жұмыстар мен зерттеулерге толы. Алаң ішінде әртүрлі бөлімдер орналақан. Атап айтсақ, көкөніс бөлімі мен астық дақылдарының, жеміс-жидек бақшасы мен ағаштар тәлімбағының, биологиялық жүйелеу бөлімдері, әсем гүлдер бөлімі бар. Көкөніс бөлімінде: қызанақ, қияр, пияз және сарымсақ, орамжапырақ, қызылша, сәбіз, асқабақ тұқымдастардың әртүрлі сорттары өсіріледі. Оқушылар топқа бөліне отырып, көкөністерге әртүрлі тәжірибелер қойып зерттеулер жүргізеді. Биологиялық, *экологиялық білімдерін* кеңейтеді. Өсімдіктен жоғары өнім алу әдістерін үйренеді. Жеміс-жидек бақшасында оқушылардың қолымен отырғызылған жеміс ағаштары мен түрлі жидекті өсімдіктер өседі. Экологиялық бұрышында- құрғақшылықта өсетін, ылғалды жерде, су немесе жарық сүйгіш және көлеңкеде өсетін өсімдіктер өсіріледі. Дендрологиялық бөлім мектептің едәуір жер аумағын алады. Бұл жерде түрлі ағаш және бұталы өсімдіктер отырғызылады (қайың, үйеңкі, сирень, қара ағаш т.б). Осы ағаштарда құстар үшін үйшіктерді оқушылар жасап, орналастырады. Біздің мектеп ғимаратының айналасында әсемдік сыйлайтын заманауи дизайнмен әрленген гүлді бөлім немесе гүлзарлар бөлімі бар. "Гүлзарларда біржылдық, екіжылдық және көп жылдық гүлдер кірген. Петуния, канна, тоқ сары барқытгүл және флоксы сияқты гүлдердің жарқын түсті бояулары адамдарды әрдайым қуантып, жақсы көңіл-күй сыйлайтыны белгілі.

Сондықтан мектептің оқу-тәжірибелі телімі оқушыны *табиғатты сүйуге*, биологиялық білімін шыңдауға, шыдамдылық пен төзімділікке де тәрбиелейді.

«КОКА-КОЛА» СУСЫНЫҢ ЗИЯНЫ МЕН ПАЙДАСЫ

Бұл баяндама бүгінгі күнде жас жеткіншектер көп пайдаланатын және адам ағзасына зиянды – кока-кола зиянын зерттеуге арналған. Кока-кола мен энергетикалық сусындарды көптеп пайдалану адамзаттың түрлі дертке шалдығуына себеп болуда. Себебі, оның құрамында біз біле бермейтін түрлі қоспалар кездеседі. Ол адам ағзасын әлсіретіп, денедегі қан айналымын бұзып, ас қорыту жүйелеріне кері әсер етіп, түрлі ауруларға жол ашып береді.

Баяндаманың басты міндеті мен мақсаты—кока-кола сусынының құрамындағы заттарға сапалық реакциялар жүргізу мен олардың адам денсаулығына келтіретін зиянын көрсету. Оларды күнделікті өмірде қолданудың аса қауіптілігін дәлелдеу. Өсіп келе жатқан ұрпақтың қандай сусындарды пайдаланып жүргенін анықтау; олардың адам ағзасына келтіретін зиянын зерттеу; келтірілген зияндармен күресу жолын іздеу.

«Кока-коланы» 1866 жылы доктор-фармацевт Джон Пемертон ойлап тапқан болатын. Алғаш Америкада, Атланта қаласында пайда болды. Пайда болған сусын «кез келген жүйке бұзылуына» емдік дәрі ретінде Атлантадағы Джекоба қалалық дәріханасында сатыла бастайды. Ол кезде кокаиннің адам денсаулығына зиян екені анықталмағандықтан, тыйым салынған заттек болып табылмайтын. 1985 жылда «Кока-Коланы» ғарышкерлер өздерімен бірге ғарышқа алып ұшты. 1991 жылы «Кока-Кола» Мәскеуге келіп жетті. «Кока-Коладан» 20 жыл бұрын СССР аумағында сатылған «PepsiCo-дан» 1998 жылы «Кока-Кола» сатылым жағынан үш есеге басып озды. Қазірдің өзінде «бес жасар» бала жазбай танитын «Кока-Кола» тауар белгісіне айналды [4].

«Coca Cola» жапсырмасын жазылған заттардың құрамын зерттеп, сіз табиғи және химиялық заттардың топтарын анықтай аласыз. Сонымен қатар коланың тағы бір компоненті – бұл ортофосфор қышқылы, мұнда тұрақтандырғыш, хош иістендіргіш – ванилин, лимон майлары бар хош иістендіргіш ретінде пайдаланылады. Кола бөлігі болып табылатын ортофосфор қышқылы кальций сіңірілуін нашарлатады және оны денеден шығарып тастайды, бұл әсіресе балалар, жасөспірімдер мен әйелдерде онтогенезге теріс әсер етеді. «Кока-Кола» сусынының табиғи өнімдері су мен қант деп білеміз. Біз бұл сусынның құрамын растайтын эксперименттер жүргіземіз. Зерттеу үшін біз «Кока-кола» газдалған сусынын алып, қажетті реагенттер мен жабдықтарды дайындап эксперимент жасадық. Сонда кока-кола сусынының құрамында көмірқышқыл газымен, ортафосфор қышқылының бар екенін дәлелдейтін сапалық реакция жүргіздік. Ерітіндідегі қанттың болуын растайтын химиялық реакция жасалып расталды [1].

Кока-коланың шұшыққа, етке, жұмыртқа, тат басқан шегенің, қарайып кеткен монетаның тазарылып шығуы, сүт өнімдеріне, тіске әсері зерттеліп тәжірибе жасалып нәтижесі анықталды. Кока-коланың құрамындағы ортофосфор қышқылы адам ағзасындағы кальций тапшылығына әкелуі мүмкін. Сондықтан энергетикалық сусынға әуестенбей, күнделікті табиғи ауызсуын ішкен жөн. Ең арзаны, қолда бар сусын. Кока-коланы жаз кезінде шыбын-шіркей шаққанда, сол шаққан орынға құйып жіберсе, бірден әсер етеді [3]. Темірдегі татты керемет кетіріп, терезені, автокөлікті жақсы жуады. Тамақ дайындағанда кез-келген соусқа араластырып қосып жіберсе, маринадталған тағам сияқты керемет дәм береді. Үйдегі жағымсыз иісті, киімдегі дақты кетіреді. Кока-коланы көп адамдар тамақты сіңдіру үшін де қолданады. Біз эксперименттер жүргізгеннен кейін, кока-коланың адам ағзасына қаншалықты зиянды әсер ететінінен мағлұмат алдық. Коладағы барлық компоненттердің ішінен – су ғана қауіпсіз болды. Кока-кола сусынының құрамын зерттеу жұмысы бізді жаңа білім мен дағдылармен ғана емес, сонымен бірге өте қызықты, шығармашылық көзқарасты талап етіп, коммуникативтік және іскерлік қасиеттерді дамытуға ықпал етіп, қызығушылық тудырды. Қазақстанның басты байлығы балалар болса, байлықтарыңыздың денсаулығына қатер төндіріп, ауруына ауру жамап, асқындырып аларларыңыз айдан анық. Ертеңіміз үшін ұрпақтың қамын бүгіннен ойлайық!

Әдебиеттер

1. ҚазАқпарат ақпараттар арнасы
2. Ғаламтордағы ақпараттар
3. Қызықты айғақтар 2011ж.
4. « Кока-кола Экспорт Корпорэйшен» сайты

5. «Кока-кола ЭйчБиСи Евразия» ресми сайты

С. Тоқанова, Е. Аметқан

№47 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қ.

Ғылыми жетекшілері: Ж.К.Курманбаева, Б.М.Смагулова география пәнінің мұғалімдері

АДАМ ТІРШІЛІГІНІҢ ӘР ТҮРЛІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚТЫҢ РӨЛІ

Топырақ ресурстары жер бетіндегі тіршілікке қажетті ең маңызды алғы шарттардың бірі болып табылады. Алайда оның шын мәніндегі маңызы мен рөлін өз дәрежесінде бағалай алмай келеміз.

Топырақ биосфераның компоненттерінің бірі ретінде адам, жануарлар мен өсімдіктер үшін биохимиялық орта болып саналады, ол энергетикалық симдылығы жоғары, топырақ биотасы мен адамдар арасындағы тікелей және жанама әсерлерді тепе – теңдікте сақтап тұра алатын өздігінен тазару процестерінің механизмдерінің аса маңызды резерві болып табылады. Адамдарға азық – түлік пен жануарларға қоректі өндіру үшін қажетті жағдай тек топырақ арқылы ғана жасалынады.

Топырақтың адамзат қоғамы үшін маңызы өте ерекше. Ең алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдар жабайы өсімдіктерді мәдени өсімдіктерге айналдыра бастады. Құнарлы топырақта өнімді өте көп алатынын адамдар сол кезде-ақ білген [4-6].

Топырақтың құрамында тыңайтқыштың үш түрі болады. Органикалық, минералды және бактериялық тыңайтқыштар. Оларды кез келген жерге пайдаланбай топырақта қай түрі жетіспесе соны пайдаланған жөн. Мұның көп пайдасы бар. Топырақ құнарлығы деп оның табиғи және мәдени өсімдіктердің қалыпты өсуі мен дамуын қамтамасыз ету қабілетін айтады. Әр табиғат зонасында топырақтың құнарлығы әр түрлі [514-516].

Қара топырақ – ең құнарлы топырақ. Ол орман және орманды дала зонасында орналасқан. Топырақтың құрамы сол жердің табиғатына, яғни, өсімдіктің, жануарлар дүниесіне күннің түсуіне тікелей байланысты. Топырақтың құрамында қара шірік көп болса, ол құнарлы топырақ болып саналады. Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев 2003-2005 жылдарды ауыл жылы деп атады, бұл әрине ауылшаруашылығын көтеру деген сөз. Қазір кезде де көңіл бөлінуде. Осындай игілікті істер осы жылдан әрі қарай өз жалғасын табады деген үміттеміз.

Қазіргі кезде топырақтың құнарлығы өте төмендеп бара жатыр. 1953-1955 тың игеру жылдарда Қазақстан даласының едәуір көп бөлігін жыртып тастады. Артынан ол жерлер түгел игерілмей қараусыз қалды. Осы кезде Қазақстан жерлерінің көп жерлері эрозияға ұшырап үстіңгі қара топырақ қабаты ұшып кетті. Егін салғанда да жерді жыл сайын өңдеп, тыңдырып отырмаса, құнарлығы төмендеп кетеді. Соңғы жылдары бактериялық тыңайтқыштар да қолданыс табауда. Бактериялар массасын топыраққа араластырып микробиологиялық процестерді күшейтуге және химиялық элементтердің сіңімділігін көтеруге қол жеткізуде. Мысалы: фосфорбактерин органикалық заттарды алдыратын, фосфорды сіңімді фосфор түріне айналдырады. т.б. Ауылшаруашылығы дақылдарын қалыпты өсіру үшін макроэлементтер мөлшері ғана емес. Сирек кездесетін құрамы маңызды элементтердің болмауы өсімдіктің ауруына, түсімнің аз болуына әкеліп соғуда.

В.В.Докучаев деректері бойынша топырақты құраушы, оның қалыптасуына қатысушы барлық факторлар ішінде, топырақ түзілуін мақсатқа сай өзгертуге қабілетті тек адамзат қоғамы ғана. Адамның табиғатты өзгерту процесі топыраққа тарайды. Бұл адамзат дамуының деңгейіне байланысты. [12-15]

Жұмысымызды қорыта келе, топырақтың адам өмірі үшін пайдасы өте ерекше. Топырақсыз адам өмір сүру мүмкін емес және де оның құнарлылығына да аса мән берген жөн. Топырақ құнарлы болса өсімдік өсіп, өнімді өте көп мөлшерде береді. Ал топырақтың құнарлығы аз болса, өсімдік ауырып одан алынатын түсім де азаяды.

Әдебиеттер

1. М. Құспанов «Топырақ, өсімдік, тыңайтқыш»[4-6]
2. Н.А. Димо «Шөлейт облыстарда»
3. Н.А. Каинский «Топырақ, оның қасиеттері және тіршілік» 1959 ж. [514-516]
4. Тазабеков Т. Топырақтану түсіндірме сөздігі. – А., Ана тілі, 1993
5. Тазабеков Т.Т. және авторлар ұжымы. Топырақтар географиясы. – Алматы[12-15]

Д.Ж. Мусанова

КГКП «Семейский финансово-экономический колледж имени Рымбака Байсеитова»

Управления образования ВКО

Научный руководитель: А.С. Балыкбаева, преподаватель химии

ВИТАМИНЫ И ИХ РОЛЬ В ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА

Цель доклада: выяснить, что такое витамины, для чего они нужны человеку, как они влияют на здоровье человека. Эта тема актуальна, так как витамины поддерживают здоровье человека.

Витамины – это группа низкомолекулярных веществ различной химической природы, обладающих выраженной биологической активностью и необходимых для роста, развития и размножения организма.

Важнейшим признаком классификации является способность витаминов растворяться в воде или жирах. По этому признаку различают два класса витаминов: водорастворимые – С, Р, РР, Н, группы В (растворяются в воде и не накапливаются в организме); жирорастворимые – А, D, Е, К (содержатся в пище животного происхождения, они накапливаются в жировых клетках и расходуются по мере необходимости). Витамины – это активные вещества, которые обуславливают слаженную работу организма при их ежедневном употреблении. Растения являются основным источником витаминов, но также они содержатся в продуктах животного происхождения, к примеру, в мясе, молочных продуктах и яйцах [1,2].

Все жизненные процессы протекают в организме при непосредственном участии витаминов. Витамины входят в состав более 100 ферментов, запускающих огромное число реакций, способствуют поддержанию защитных сил организма, повышают его устойчивость к действию различных факторов окружающей среды, помогают приспосабливаться к все ухудшающейся экологической обстановке. Витамины играют важнейшую роль в поддержании иммунитета, т.е. они делают наш организм более устойчивым к болезням [3].

Витамины в основном непрочные соединения: они быстро разрушаются при нагревании пищевых продуктов. Натуральные витамины содержатся в продуктах растительного и животного происхождения и, за редким исключением (витамин О), не синтезируются в организме человека.

К активным веществам, обеспечивающим работу организма, относятся и витамины. Витамины в жизни человека играют не второстепенную роль. Витамины, попадая в наш организм и вступая в химическую реакцию, приводят к образованию необходимых ферментов, участвующих в обменных процессах. Вот в этом и заключается важная роль витаминов в образовании ферментов [4].

Для нормальной жизнедеятельности взрослого человека необходимы витамины А, В1, В2, С и Р-Р.

В чистом виде витамин А содержится в яичном желтке, молочных продуктах, печени рыб и животных. Морковь, помидоры и зеленые овощи имеют в своем составе каротин, который в организме человека перерабатывается в витамин А. В сутки необходимо употреблять 2 миллиграмма этого витамина.

Витамин В1 содержится в мясе, орехах и различных крупах. Суточная норма этого витамина для детей до 14 лет должна составлять 1,0-1,5 миллиграммов, а для подростков и взрослых – 2 миллиграмма.

Больше всего витамина В2 содержится в говяжьей печени и дрожжах. Также он присутствует в яичном белке, мясе, сыре, масле, зеленом луке, горошке и шпинате. В сутки человек должен получать не менее 2 миллиграммов этого витамина.

Высоким содержанием витамина С (аскорбиновой кислоты) отличаются свежие овощи, фрукты и ягоды: редис, салат, капуста, киви, цитрусовые, черная смородина. Суточная норма витамина С для среднестатистического человека должна составлять 50 миллиграммов в сутки.

Источниками витамина Р-Р служат такие продукты, как мясо, печень, сельдь и дрожжи. Чтобы исключить заболевание пеллагрой, человеку достаточно 15-25 миллиграммов витамина Р-Р в сутки.

Восполнить недостаток витаминов в пищевом рационе помогут различные препараты, которые в большом количестве выпускает современная фармацевтическая промышленность. Важно употреблять их в точном соответствии с дозировкой, указанной на упаковке или в инструкции [5].

Избыточное поступление витаминов в организм вызывает состояние, которое называется **гипервитаминозом**. Обычно это наблюдается при употреблении синтетических препаратов витаминов и сопровождается самыми разнообразными признаками отравления. Наиболее токсичными являются витамины А и D, которые часто дают маленьким детям. Иногда гипервитаминоз А возникает при приеме в пищу продуктов, содержащих большое количество этого витамина (овощи, печень морских животных). Из водорастворимых витаминов наиболее токсичным является витамин В1, большие дозы которого могут приводить к сильным аллергическим реакциям. При длительном приеме витамина В6 может наблюдаться повышение свертываемости крови.

Недостаток витаминов в пище может привести к дефицитным состояниям и спровоцировать различные заболевания. Цинга, бери-бери, рахит, анемия, пеллагра – это типичные заболевания, которые вызываются дефицитом витаминов. Если человек питается сбалансированно, то ему нет необходимости принимать витамины в виде специальных препаратов. От различных факторов зависит потребность в витаминах. Дети, кормящие и беременные женщины, люди, занимающиеся физическим трудом, пожилые люди нуждаются в дополнительном приеме витаминов. Роль витаминов особенно важна при приеме антибиотиков, разрушающих бактериальный фон кишечника. Витамины выполняют защитную функцию и регулируют жизнедеятельность организма. Они не имеют никакой питательной ценности, но без них обмен веществ невозможен. Кроме этого, они способствуют повышению работоспособности и тону, а также они улучшают самочувствие [6].

Литературы

1. Березов, Т.Т. Биологическая химия: Учебник / Т.Т.Березов, Б.Ф.Коровкин. – М.: Медицина, 2000. – 704 с.
2. <http://www.vit-amin.ru/>
3. Малахов Г.П. Витамины и минералы в повседневном питании: Лечебно-профилактическое значение продуктов питания; Овощные и фруктовые соки; Витамины; Минералы Рецепты здоровья. – Генеша,Сталкер, АСТ. 2006 год – 256 с.
4. <http://healthilytolive.ru/zdorove/rol-vitaminov-v-zhizni-cheloveka.html>
5. <https://sait-sovetov.net/sovety-dietologov/vitaminy-i-ih-rol-v-zhizni-cheloveka-696.php>
6. <https://www.skalpil.ru/novosti-mediciny/474-rol-vitaminov-v-zhizni-cheloveka.html>

А. Токаева, Ш. Мауығтайұлы

Геологиялық барлау колледжі Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Ш.А. Касымжанова, биология пәнінің оқытушысы

БАЛДАЙ ТӘТТИ БАЛМҰЗДАҚ – АҒЗАҒА БАЛДАЙ СІҢЕ МЕ?

Балмұздақ - тоңазытылып жасалған сүт тағамы. Балмұздақ – жұғымды және адам организміне жеңіл, шөл басатын сіңімді тағам. Сүттен дайындалған балмұздақта сүйектің дамуы мен өсуіне әсер ететін: А, В, Д, Е, Р витаминдері, ал жеміс-жидектен жасалған балмұздақта С витаминдері мол. Балмұздақ құрамындағы табиғи зат серотонин немесе «бақыт гормоны» адам ағзасын сергек сезінтіп, жүйке жүйесін тыныштандыратын, жағымды көңіл-күй сыйлайтын, жан күйзелісін ұмыттыратын қасиеттері бар.

Инулин – майлылығы басым балмұздақтың орнын басатын қоспа. Сонымен қатар құрамы лактоза, кальций, магний секілді түрлі дәрумендермен бірге ацидофильді қоспалармен байытылған балмұздақтың пайдасы асқазан, ішек жолдарының жұмыс істеу қабілетін жақсартып, микрофлораның артуына септігін тигізеді екен.

Зерттеу бөлімі

Тәжірибе № 1. Сынауыққа 1 мл еріген балмұздақты салып, 5 - 7 мл дистилденген су құйып, тығынмен жауып, 1 мл 2 М NaOH құйып, бірнеше тамшы 10%-тік CuSO₄ қосамыз. Ашық күлгін түсті ерітінді түзілді- биурет реакциясы деп аталады.

Қорытынды:

№ 1 пробиркада – Пломбир «Русский размах», Ресей, Мәскеу қаласы, Юнилевер Русь ЖШҚ – құрамында ақуыз бар. № 2 пробиркада – Шоколадты балмұздақ, ЖШҚ Чернышев В.Д., ҚР ШҚО, Риддер қаласы – құрамында ақуыз бар.

Тәжірибе № 2. Ароматты α-аминокышқылдарын анықтау (ксантопротеин реакциясы)

1мл ерітіндіні сынауыққа құйып, 3-5 тамшы концентрленген азот қышқылын тамызамыз. Қоспа суыған соң 3-5 тамшы 25%- дық аммиак ерітіндісін қосамыз. Ерітінді түсі сарыдан ақшыл қызыл болып өзгереді.

Қорытынды:

№ 1 пробиркада – Пломбир «Русский размах» Ресей, Мәскеу қаласы Юнилевер Русь ЖШҚ – құрамында ақуыз құрамында аминқышқылдары бар.

№ 2 пробиркада – Шоколадты балмұздақ ЖШҚ, Чернышев В.Д., ҚР ШҚО, Риддер қаласы – құрамында ақуыз құрамында аминқышқылдары бар.

Тәжірибе № 3. Көмірсуларды анықтау 2 мл қоспаны сүземіз, оған 2М NaOH-тан 2 – 3 тамшы, 10%- дық CuSO_4 қосамыз. Көпәтомды спирттерге тән ашық көк түсті ерітінді түзіледі.

Қорытынды:

№ 1 пробиркада – Пломбир «Русский размах» Ресей Мәскеу қаласы Юнилевер Русь ЖШҚ – көмірсулар құрамында бар.

№ 2 пробиркада – Шоколадты балмұздақ ЖШҚ, Чернышев В.Д., ҚР ШҚО, Риддер қаласы – құрамында көмірсулар бар.

Тәжірибе № 4. Балмұздақ тың қытырлақ нанындағы крахмалды анықтау. Балмұздақтың нанына 1-2 тамшы йодтың спирттегі ерітіндісіне тамызамыз. Пайда болған қою-күлгін түс-крахмалға

Қорытынды:

№ 1 пробиркада – Пломбир «Русский размах» Ресей, Мәскеу қаласы Юнилевер Русь ЖШҚ – құрамында крахмал бар.

№ 2 пробиркада Шоколадты балмұздақ ЖШҚ, Чернышев В.Д., ҚР ШҚО, Риддер қаласы – құрамында крахмал бар. Орауыштағы қазақша, орысша балмұздақ құрамдарында крахмал жазылмаған .

Тәжірибе № 5. Балмұздақ құрамындағы темірді анықтау.

Қорытынды:

№ 1 пробиркада – Пломбир «Русский размах» Ресей, Мәскеу қаласы, Юнилевер Русь ЖШҚ – құрамында темір жоқ.

№ 2 пробиркада – Шоколадты балмұздақ ЖШҚ, Чернышев В.Д., ҚР ШҚО, Риддер қаласы – құрамында темір жоқ.

Қорытынды: Зерттеу жұмысын аяқтай келе балмұздақ құрамында ақуыздың, көмірсулардың және майдың бар екеніне көз жеткіздік. Балдай тәтті балмұздақтың ағзаға балдай сіңетіні туралы кесіп айту мүмкін емес.

Әдебиеттер

1. Афанасьева Л.Р., Гримм А.И., Евдокимова А.М. и др. Товароведение продовольственных товаров – М.: Экономика, 1977
2. Ковалев Н.И. Энциклопедия гурмана. – Спб.: Фламинго, 1996
3. Кудряшов П. Замороженная история. Спрос. 2006, № 2

Т.А. Слямханов

«№44 ЖОББ мектеп» КММ

Ғылыми жетекшісі: С. К. Мусамагамбетова, география пәні мұғалім

САРЫАРҚА ШЫҢЫ -ШЫҢҒЫСТАУ АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Сарыарқа – өзіндік табиғи бітім-болмысымен дараланатын, кесек тарихы, оқшау ерекшелігі бар, уақытпен бірге жаңғырып-жасарған мекеннің бірі. Бұл өте байтақ мекен, бай мекен. Егер Қазақстанның географиялық картасына зер салсақ, оның орта тұсынан мындаған шақырымға созылған адырлы аймақты көреміз. Солтүстігінде Батыс-Сібір ойпатынан басталып, оңтүстігінде Балқаш-Алакөл құйылымына

дейін созылған, шығысы Сауыр, Сайхан, Тарбағатай сілемдерінен басталып, батысы Торғай жазығына дейін созылған ұланғайыр алқапты ертеден-ақ халқымыз Сарыарқа деп атаған [1].

Сарыарқа атауының шығу төркіні мен мағынасы туралы көптеген әдебиеттерде мысалдар, дәлелдер келтіріледі. Оны Арқа деп те атайды. Ешқандай географиядан хабары жоқ көшіп-қонып жүрген қарапайым халық еуропалық бірнеше мемлекет сиып кететін алқаптың ерекшелігін дөп басып айтқан. «Арқа» сөзін жылқының жон арқасына балап айтқан. Шындығында Ұлытаудан бастап Қызыларай, Шыңғыстау, Тарбағатай, Сауырға дейін сызық жүргізсек осы атауға сәйкес келетінін көреміз. Ал «сары» сөзіне келер болсақ, жаңбырлы жаз күндері сап-сары болып жайқалып шығатын қалың көде мен бойшаң бетеге болғандықтан аталған.

Шыңғыстау. Қазіргі уақытта бұл аумақ Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданына қарайды. Атаудың шығуына келетін болсақ, ойымызға XIII ғасырда өмір сүрген моңғол ханы Шыңғысхан есімізге түсетіні анық. Шыңғыстау қойнауы тарихқа, аңыздарға өте бай өлке.

Жергілікті жұрт осы ата қонысын Шыңғыс ханның бейнесімен байланыстырады, халықтың сенімі бойынша ол өз жорықтарында дәл осы өңірді қоныс еткен. Бұл, болашақ Жаһангер жолындағы Бұқара мен Самарқанды қиратып, Үргеніш, Балқы, Бамиан, Нишапур қалаларының күлін көкке ұшырып, Хорезм шахын тізе бүктіру үшін жорыққа шыққан 1219 жылы болуы мүмкін. Ал мұның алдында ол Сыр бойындағы қалаларды бағындырып, Отырарды жермен жексен етті. Шыңғысханның қазақ даласында екінші мәрте аялдауы анағұрлым ұзақ болды – ол алты жылдық жорықтан қайтып келе жатып, 1224 жылдың көктемі мен жазын осы өңірлерде өткізді. Шыңғысханның ордасы Балқаш пен Алакөлдің арасындағы қолайлы бір қоныста орналасқаны туралы дәйекті мәлімет бар. Бұл қоныс неге аң мен құсқа, жайылымға бай, таулы қырат арасында көлеңкелі салқын самал жазығы бар Шыңғыстау болмасқа? Шыңғыстаудың солтүстік-шығысындағы Орда тауының атауы хан ордасының орналасқан жерін меңзеп тұрғандай. Жергілікті тұрғындар арасында дәл осындағы Хан биік деген жерде Шыңғысханды ақ киізге орап хан көтерген деген аңыз таралған. Бұл аңызды XIX ғасырдың аяғында Құнанбайдың баласы Шәкәрімнің немере ағасы Халиолла (Халел) хатқа түсірген: «Шыңғыстау таулары Орда, Догалаң және Шұнай тауларының тобынан ойпат арқылы бөлінген. Шыңғыстаудың дәл ортасында «Хан» атты тау жеке дара тұр. Бұл жерлер туралы қайсақтарда мынадай аңыз сақталған. Өзінің бір жаулаушы жорықтарынан кейін, (Қарақытайлық) Гөрханды бағындырған соң Темучин Шыңғыстауға тоқтаған. Қайсақтар оған бағынуды ұйғарды. Осы мақсатта олар елшілік жасақтап, оның басына қадірлі би Майқыны қойды. Ол өз серіктерімен Темучинді ордасынан тауып, оған сыйлықтар берді. Бұл Темучинге өз еркімен бағынған жалғыз халық болатын. Сонда бақсы айтты, ол әлі көптеген халықтарды бағындырады және сондықтан да ол «Шыңғыс-хан», яғни әлемнің ханы. Шыңғыстау: даналық дәні иесі, ұлы хан деп аталуы тиіс деп болжады. Темучин осы жерде (осы тауда) өз атын өзгертпекке бекінді. Шыңғысханға бағынған барлық он екі тайпаның өкілдері Хан тауының шыңына бір-бірден қазық қағып, оның үстіне сәкі жасап, ақ шатыр тікті [2]. Майқы бастаған барлық билер әрқайсысы бір шетінен ұстап ақ киізге Темучинді отырғызып, дайындалған шатырға көтеріп мінгізді. Бұл салтанатты рәсім кезінде билер мен халық «Шыңғыс-хан», «Шыңғыс-хан» деп ұрандады. Содан бері Темучиннің хан сайланған тауы «Шыңғыстау» аталып кетті». (Халиулла. Киргизское предание // Московская иллюстративная газета. 1892. № 274). Халиолланың бұл жорамалын Шыңғысханның жуан қарағай бөренелерінен салынған ордасы туралы Тобықты руының көсемі Құнанбайдың өзінің әңгімесі де растайды. Бұл мұнараларды Құнанбайдың бабалары өз көздерімен көріпті [3]. Оның бұл әңгімесін қазақ даласына қызмет жөнімен келіп-кетіп тұрған айдаудағы поляк Адольф Янушкевич (1803-1857) жазып қалдырған. *Шәкәрімнің өзі де кейінірек, 1911 жылы, өзінің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» кітабында Шыңғысханның шын аты Темучин, ал Шыңғыс есімі ұлы, құдіретті дегенді білдіреді деп жазып, осы жорамалды қайталайды.* М.Әуезовтың «Абай жолы» романын зер салсақ, романның негізгі желісі Сарыарқадағы Шыңғыстау мен (Шыңғыспен) байланысты. Басқаны былай қойғанда Қодардың жазықсыз дарға асылып, күздан лақтырылатын жері осы Шыңғыстаудың «үлкен биігінің бірі» Қарашоқы емес пе? Сөз орайына қарай ұлы жазушы осы географиялық атауларды қайдан шыққанына айрықша тоқталғандығын атап кету орынды. «Шыңғыс деген осы үлкен алып таудың аты неге Шыңғыс атанды екен бұл?» - деп Сүйіндік өзі де ойланып қалды. Таудың «Шыңғыс» биігінің «хан» аталғаны содан және сонау бір бөлек тауы «Орда» аталғаны да сол Шыңғыс ханның мекен еткен қонысы екенін баяндайды. Қарауыл демек те сол кезден қалған ат емес екенін паш етеді. Осыған ұқсас мәліметтердің негізінде кеңес дәуірінің өзіндегі ғалымдар (мысалы, Константин Юдахин) Шыңғысханның есімінің мәнін

біршама басқаша түсіндірді: «*шын (шин – чин) – нағыз, шынайы*» деген түркі сөзінен шығарды. Яғни Шыңғысхан – нағыз хан [4]. Бағзы заман аңыздарының қоймасы ретінде Шыңғыстау бүгінгі күні де қасқайып тұр. Осы қастерлі Шыңғыстау өлкесінде – ғұлама Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов дәл осы табиғи және рухани ортадан түлеп ұшты. Біздің де осынау қазақ даласының Шыңғыстау өлкесінде өмірге келіп, өз қоғамымызға береріміз мол.

Мақаланы қорытындыласам, Шыңғыстау атауы бізге сонау тарихи бір кезеңдерден сыр шертеді. Сондықтан да бұл жерлерде тарихтың өшпес іздері сайрап жатыр.

Әдебиеттер

1. Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: 2008 жыл. ISBN 9965-34809X
2. Исакова А.Г.: «Жер-су атаулары –тарихи, географиялық деректер көзі». – Орал қаласы
3. Сыдықов Е.Б.: «Шәкәрім» ғылыми-танымдық басылым. – Алматы: 2013 жыл
4. Койчубаев Е.: «Краткий толковый словарь топонимики Казахстана». – Семей 2012 жыл

Д. Алмасқызы

«№ 34 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қаласы
Ғылыми жетекшісі- А.Т.Зиядина, химия пәнінің мұғалімі

АДАМ ОРГАНИЗМІНДЕГІ КАЛЬЦИЙДІҢ РӨЛІ

Мақсаты: Адам организміндегі кальцийдің рөлі туралы анықтап, зерттеу.

Кальций өте қажетті, өйткені ол кез-келген құрылымның құрамына кіретін негізгі қосылыс. Ғаламшарда ең көп таралған элементтердің бірі. Периодтық системада екінші топта орналасқан химиялық элемент, күміс түсті ақ металл. Адам организмінде кездесетін минералды компоненттердің шінде кальций бесінші орынды алады. Ересек адамның дене салмағының шамамен 2% кальцийден тұрады. Кальций бәрімізге белгілі. Ол жиі түрлі дәрілік препараттар мен азық-түліктің жарнамаларында кездеседі. Бірақ, көптеген адамдар кальцийдің адам организмнің басқа да жүйелеріне маңызы зор екенін біле бермейді.

Тіс пен сүйектегі Са+ қызметі

Қажетті кальцийдің саны сүйектің дұрыс дамуын және тістің құрылымына әсер етеді. Бұл әсіресе кішкентай нәрестелерге, балаларға және жасөспірімдерге қатысты. Үлкендерге бұл элемент өте қажет ол – сүйектің қаттылығын сақтайды, осыған байланысты сүйек өмір бойы берік болады.

Жүрек және бұлшықет жүйесі

Жүрек денсаулығында да кальций өте маңызды. Ол жүрекқағысты реттеп тұрады. Сол себептен барлығына кальцийді дұрыс қабылдау маңызды, себебі жүрек – дененің қалған бөлігін қанмен қамтамасыз етуші мүше. Артериалық қысым жүрекқағыспен тікелей байланысты. Ал кальций болса артериалық қысымды төмендетеді.

Кальцийдің минералды алмасуға қажеттілігі

Кальций жүйке импульстарын жіберуге көмектеседі. Егер ол жетіспесе жүйке жүйесі дұрыс қызмет атқармайды. Осының салдарынан шаршаңқылыққа, ашуланшақтыққа, жады нашарлауына шағымданамыз.

Өт құрамындағы Са+ қызметі

Өттің түсі оның құрамына кіретін ферменттеріне байланысты. Өт құрамындағы пигменттерден нәжісті табиғи түске бояйтын пигмент пайда болады. Өт құрамында мұнымен қатар, холестерин, лецитин, өт қышқылдары, олардың тұздары және муцин, май қышқылдары бейтарап майлар Са+ тұздары болады. Өт майда еритін витаминдердің холестерин мен Са+ иондарының қанға сіңуін жеңілдетеді.

Кальцийдің минералды алмасуға қажеттілігі

Са+ секілді химиялық элемент денеде бірсыпыра көбірек шамада кездеседі. Оны микроэлемент деп атайды. Оның организм үшін маңызы өте зор.

Барлық тұздардың организмдегі маңызы өте күшті:

- 1) олар қан мен тіндегі осмотық қысымды реттейді;
- 2) қанның сілтілі-қышқылды реакциясының тепе-теңдігін және қанның белсенді реакциясын

бірқалыпты сақтауға қатысады;

3) минералды заттар катализаторлық қызмет атқарады.

Қалыпты дұрыс тамақтанатын адам жеткілікті мөлшерде минерал тұздарын қабылдайды. Өсіп келе жатқан организмге тұз көп әсер мөлшерде қажет, әсіресе Са,Р тұздары сүйек, жүйке, тінге өте қажет. Кальций тұзының организм үшін маңызы ерекше. Ол қанның ұюына қатысады және жүрек қызметіне әсерін тигізеді.

Пайда болатын аурулар: аденома,гиперспазия,бүйректегі кальцийдің жетіспеуі,педжет ауру,сүттен болатын синдром нефроз, нефрит және т.б. Дұрыс тамақтану бұрын да, қазір де адам денсаулығының қуат көзі болып табылады.Сиыр сүті кальцийдің тамаша көзі, онда кальций ана сүтіндегі кальцийден шамамен 4 есе көп. Қойдың сүті мен брынзада кальций одан да көбірек. Кальций сондай-ақ жұмыртқаның сарысы мен қара бидайдыңнананында молынан кездеседі. Кальций жетіспеушілігі тағы да бір қауіпті ауруға алып соғады. Ол остеомаляция мен остеопороз. Бұл аурулар сүйектің жумсаруына және ауыр салмақты көтере алмай сынып кетуіне алып келеді.

Д.Н. Ериманов

Еуразиялық технико-гуманитарлық колледж, Семей қ.

Ғылыми жетекші: М.С.Жунусова, қоғамдық және гуманитарлық пәндер оқытушысы

СЕМЕЙДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Семейдің экологиялық жағдайы қала тұрғының кез келгені сияқты мені де алаңдатады.Семей қаласының экологиялық жағдайы көз қуантарлық емес. Мен өз баяндамамда осы мәселені көтермекпін.

Ғаламдық экологиялық проблемаларға **климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің құлдырауы (деградация)** жатады. Ұлттық экологиялық проблемаларға экологиялық апатты аймақтардың бірі – Семей полигоны.

Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парақтардың бірі – Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Тек Семей ядролық полигонының ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да (Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары және Ресей Федерациясының Алтай өлкесі) радиоактивті ластануға ұшырады.

Тұңғыш атомдық жарылыстың радиоактивті өнімдері аймақтың барлық елді мекендерін жауып қалды. Радиацияның адамға ықпалының механизмі қазіргі кезде едәуір жақсы парықталған. 1949 жылғы алғашқы жер бетіндегі жарылыстан бастап Семей және Павлодар облыстарының радиациялық сәулеленудің ықпалына ұшыраған басқа аумақтардың тұрғындарының арасында сырқат санының ұдайы өсіп келе жатқаны байқалады. Бұлар өкпе мен сүт бездерінің рагы, лимфогемобластоз және басқа да қатерлі ісікті патологиялары.

Соңғы сынақтардан бері жиырма алты жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан, Семей ядролық полигонының белдемі күні бүгінге дейін экологиялық қауіпті аудан болып есептеледі. Өйткені онда ұзақ сақталатын радиоактивті заттар жинақталған. Полигон аймағында күні бүгінге дейін топырақ және өсімдіктер ластанған. Ауаға шығатын улы заттардың концентрациясы (**ауыр металдар, шаң-тозаң, күкірт тотығы, көмірқышқыл газы**және т.б.) белгіленген мөлшерден он есе артық. Ең ауыр жағдай Семей қаласында да қалыптасқан. Қазгидрометтің ауа мониторингінің ресми деректері бойынша 2016 жыл бойынша ластанудың жоғарлатылған деңгейі бар қаланың бірі – Семей. Қалада лас заттардың концентрациясы жыл бойынша белгіленген мөлшерден 5-10 есе артады. Ауа кеңістігінің ластануы пайдалы қазбалар өндіретін аудандарда да байқалады. Өнеркәсіп орындарының ластанушы заттарына жер игеру ножиесінде пайда болған масштабы химиялық ластанудың көлемдері ұлғаюда. Өсімдік жамылғысын қорғайтын әр түрлі химиялық заттар, дефолианттар, пестицидтер, **мөлшерден артық** қолданған тыңайтқыштар, тек қана қоршаған ортаны емес, тамақ өнімдерін де ластануда.

ШҚО қоршаған ортаның жағдайына негізінен басым бөлігін тау-кен өндіру және түсті металлургия өнеркәсібі әсер етеді. Олардың негізгілері «Жылукоммунэнерго» МКК, машина жасау саласында, «Цементный завод Семей» ЖШС, ШЖҚ «Семей-Водоканал» МКК және басқалары жатады.

Халық санының көбеюіне және кіші және орта бизнестің дамуына байланысты электроэнергия мен жылууды пайдалану сұранысы өсіп келеді, ол өз кезегінде ЖЭО қуатын ұлғаюын талап етеді. Семей қаласында атмосфера ластануына бұлардан басқа автокөлік және сәйкес келмейтін отын түрін пайдаланатын жеке сектор жатады. Жеке тұрғын секторы отын ретінде қатты тұрмыстық қалдықтар, резеңке (автокөлік дөңгелегі), пластик, полиэтиленді пакет және басқада қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін заттар пайдалануы мүмкін. Қортынды сөзімді өзімнің ұсыныстарыммен аяқтағым келеді.

- Мемлекет тарапынан зиянды қалдықтарды шығару бойынша қатаң бақылау орнату.
- Қалдықтарды қайта пайдалану. Екінші рет өңдеу.
- Филтрлерді пайдалану, аз қалдық шығаратын технология.
- Ресурстарды үнемді және толық пайдалану .
- Орман алқаптарын кеңейту. Қаланың әрбір тұрғынына шаққанда 50 ағаштан отырғызу.
- Радиоактивті қалдықтарды көму
- Энергияның дәстүрден тыс баламасын қолдану (күн, судың көбеюі мен азаю мөлшері, жел).
- Автомобилдерді газ және электр көздерімен жүргізу
- Қала халқы санының өсуін қадағалау.
- Ұлттық саябақтар мен қорықтар жұмысын жандандыру және қаржыландыру. Табиғат-Анаға деген көзқарасты өзгерту. Барри Коммонер айтқандай «Природа знает лучше»
- Экологиялық орындарды көбейту. Қаланың әрбір аялдамасына қою.

Е.С. Сәлімов

Еуразиялық технико-гуманитарлық колледж, Семей қ.

Ғылыми жетекші: М.С. Жунусова, қоғамдық және гуманитарлық пәндер оқытушысы

ҚАЛА БАР СЕМЕЙ ДЕГЕН...

Семипалат бекінісінің құрылғанына биыл 300 жыл толады. Осы межені Семей қаласының да құрылған уақыты дегенді негізге алып, оның 300 жылдық мерейтойын атап өту туралы пікірлер де, көзқарастар арасындағы тартыс та қызып келеді. Мерзімді баспасөз беттері мен интернет сайттарында Семей қаласының тарихына байланысты тарихшы ғалымдардың зерттеу мақалаларымен қатар, қоғам белсенділерінің сыни мақалалар да жарияланып жатыр.

Осы орайда мен баяндамамды Семей қаласының арғы тарихы мен бүгінгі Семейдің тарихына арнамақшымын. Алдымен сөзімді көне Семей тарихынан бастайын.

«Семей» сөзі – көне түркілерге жататын сары ұйғырлар тайпасының тілінде «киелі мекен» деген мағынаны білдірсе, «Алаш» сөзі – түркі тілінде бауырлас, қандас, туыс деген мағынаны береді. Яғни, Семей, Алаш атауы – тұтас түркі дәуірінде қалыптасқан ең ежелгі атаулардың бірі. Зерттеуші лингвист ғалымдардың топшылауынша қаланың тарихи атауы қала маңындағы Семей тауының атауына байланысты қойылған. Олардың алға тартар басты дәлелінің негізі: «Семей» — көне түрік сөзі дегенге саяды. Яғни Түрік қағанатының бесігі болған алтынды тау Алтай деп аталса, біздің тіліміз алтай тілдер тобына жататындығын ескере отырып, ұсақ шоқылы қазақ даласындағы тау да түрік сөзімен аталғандығы даусыз заңдылық және еш дәлелді қажет етпейтін-аксиома деуге негіз бола алады. Екіншіден: Еуразия құрлығында алып мемлекеттердің пайда болу негізін қалаған Шыңғыс ханның Ертіс өңірінде болғандығын айғақтайтын айшықты із ретінде «Ұлылар мекені» деп танылған Абай жеріндегі Шыңғыстау тауының атауы да тарих қойнауынан үн қатқан көне ескерткіш екендігі даусыз дүние.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1928 жылға дейін Семей қаласы губерниялық, одан кейін округтік қала болды; 1932 жылы республика облыстарға бөлініп, Семей қаласы әуелде Шығыс Қазақстан облысының, ал 1939 жылдан бастап Семей облысының орталығы болды.

Семей – республикамыздың мәдени, тарихи орталықтарының бірі. Мұнда Абайдың және Ф.М. Достоевскийдің мұражайлары, Қазақстанның байырғы өлкетану мұражайы, Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайы, кітапханалардың тұтас желісі халыққа қызмет етеді. Екі театр-Абай атындағы қазақ музыкалы-драма театры және Ф.М. Достоевский атындағы орыс драма театры жұмыс істейді.

Семей – тарихы тереңнен бастау алатын, сәулетті ескерткіштерімен ерекшеленетін қала. 1776 жылы салынған Ямышев қақпасының үлкен аркалары, шатырлы төбесі, карнизінің түрі қарапайым суретімен және қабырғаларының екі метр қалыңдығымен, он метр тереңдігімен таң қалдырады. Осы қақпаның құлпы тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы. XVIII-XIX ғасырлар арасында салынған төрт мешіт, екі шіркеу, әйелдер шіркеуі және часовня қазіргі заманға сай жаңа мазмұнда жұмыс істеп, қаламыздың тарихи келбетін көрік беруде. Солардың ішінде, губернатордың бұрынғы үйі (қазіргі тарихи-өлкетану мұражайы), екі мұнаралы және бір мұнаралы мешіт, Тыныбай мешіті, Қытай Консулдыңғы (қазіргі «Бинар» қонақ үйі), ерлер гимназиясы.

Қаланың тау-кен өнеркәсібі көмір қазу бойынша «Қаражыра ЛТД» ЖШС, құрамында алтыны бар руда қазатын «ФИК «Алел» АҚ, «Данк» ЖШС, «Жерек» ЖШС, марганец рудасын қазатын «ТЭМК» АҚ сияқты кәсіпорындармен ұсынылған. Metallургиялық өнеркәсіп алтын қазу кешені кәсіпорындарымен ұсынылған: «Данк» ЖШС, «ФИК «Алел» АҚ, «Жерек» ЖШС, олар құрамында алтыны бар руданы өңдеумен және алтын өндірісімен айналысады; Жеңіл өнеркәсіп «Семей былғары-тері комбинаты» ЖШС (былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар, тон-тері бұйымдары өндірісі), «Роза-ВВК» ЖШС (пима, киіздің әртүрлі түрлері), «Семспецснаб» ЖШС (тігін және тон-тері бұйымдары), «Семей аяқ-киім фабрикасы» ЖШС (табиғи былғарыдан жасалған аяқ-киім) сынды кәсіпорындармен қамтылған.

Тарихты тарихшылардай бұрмалаған ешкім жоқ-деген тарихшы ғалым Лев Гумилев. Мағыналы сөздің артында ашты шындықтың бар екендігі ақиқат. Әлем тарихын айтпағанның өзінде, кешегі КСРО заманында Қазақстан тарихы орынсыз бұрмаланып, бүркемеленіп келгендігін еліміздің егемендікке қолы жеткенше көріп өскен ұрпақы. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру бағыты бойынша: «Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады» - дегеніне сүйенсек, нағыз рухани жаңғырудың қайнар көзі де, нүктесі де Семей емес пе?! Сондықтан туған қаламыздың тарихын зерделеу әлі де ізденісті қажет етеді.

А.О. Юрковский

«КГУ СОШ №1 им. Н.Г. Чернышевского» г. Семей

Научный руководитель: С.Н. Коновалова, учитель биологии

Научный консультант: М.Ж. Еспенбетова, д.м.н., профессор ГМУ Г.Семей

ОСТЕОПЕНИЧЕСКИЙ СИНДРОМ У ДЕТЕЙ ГОРОДА СЕМЕЙ

Согласно определению экспертов ВОЗ, остеопороз – это гетерогенное заболевание костей, характеризующееся массовой потерей костной массы, а также нарушением строения костной ткани, что приводит к снижению физической прочности кости и развитию переломов. К сожалению, сегодня многие медико-социальные проблемы остеопении и остеопороза остаются неизученными. К тому же сложности состоят в том, что остеопороз у детей и подростков длительно протекает бессимптомно, на субклиническом уровне и диагностируется, как правило, после переломов. При этом эпидемиологические исследования переломов свидетельствуют о том, что наибольшая частота переломов, обусловленная значительным увеличением длины тела на фоне недостаточного накопления костной массы, регистрируется у детей в возрасте 5-7 и 13-14 лет [1, 2].

Цель исследования: Определить частоту встречаемости и изучить структуру клинически значимых факторов риска развития остеопенического синдрома у школьников города Семей

Материалы и методы: Всего в исследовании приняли участие 727 школьников 2-х СОШ г.Семей, в возрасте от 12 до 17 лет, при этом возрастные группы были разделены на 12-14 лет и 15-17 лет. Среди них мальчиков – 317, девочек – 410. Всем детям были проведены следующие мероприятия: анкетирование, антропометрические исследования: измерение роста и веса, изучение амбулаторных карт

(форма 026/у), УЗИ щитовидной железы, денситометрия, проводилась на базе медицинского центра ГМУ г. Семей

Полученные результаты: Всего в обеих школах было выявлено 183 (25,1%) человека с предположительным остеопеническим синдромом, из них в школе №15 – 75(40,9%), в школе № 1 – 108 (59%)

Из них: мальчиков 79 (43%) и девочек 104 (57%), школе №15 мальчиков 32 (46,6%), девочек 43 (57,4%), в школе №1 мальчиков 47 (43,5%), девочек 61(56,6%)

Объективный осмотр участников нашего исследования выявил кариес у 108 (14,8%), патологию щитовидной железы у 65- (9%) и ортопедическую патологию 163 (22,5%).

По данным денситометрии, остеопении выявлена у 25 школьников (43,1%), из них мальчики 11 (40%) и девочки 14 (60%). Остеопороз был выявлен у 16 (27,6%) школьников, из них мальчики составили 7 (43,75%), девочки 9 (56,25%). У оставшихся 17(29,3%) школьников выявлена норма. Таким образом, при проведении нашего исследования мы установили, что из 58 школьников, по данным проведенной денситометрии, у 41 человека был выявлен остеопенический синдром: у 25 школьников (43,1%) – остеопения, у 16 – остеопороз (27,6%). Среди девочек частота встречаемости остеопенического синдрома незначительно больше 54,8% (23) и 45,2% (18) у мальчиков соответственно. Остеопенический синдром у девочек формируется раньше, чем у мальчиков, и связан чаще всего с началом пубертатного период. Наше исследование подтвердило, что клинически значимыми проявлениями остеопенического синдрома являются ортопедическая патология и кариес.

Литература

1. Шеплягина Л.А., Римарчук Г.В., Самохина Е.О. и др. Костная прочность у детей: известные и неизвестные факты. Методические рекомендации. – М., 2013. – 13 с.
2. National Osteoporosis Foundation // Washington. – 2016. <http://www.nof.org/osteoporosis/diseasefacts.htm>.

Е.К. Боброва

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 15» г. Семей
Научный руководитель: С.А.Мухамеденова

НАНОМАТЕРИАЛЫ В МЕДИЦИНЕ И БИОЛОГИИ

К началу 21 века резко увеличилось число сердечно-сосудистых, онкологических заболеваний. Работа, стрессы, проблемы настойчиво отвлекают нас от понимания важности состояния нашего здоровья. К тому же мы активно пользуемся благами цивилизации, которые уносят нас всё дальше от здорового образа жизни.

Согласно статистическим данным за 2005 год на нашей планете умерло от онкологических заболеваний примерно около семи миллионов семисот тысяч человек. В индустриально развитых странах Запада рак занимает второе место после сердечно-сосудистых заболеваний в перечне причин смерти и, несмотря на усилия медиков, не уступает его уже много десятилетий подряд. Считается, что программу опухолевого роста имеет любая клетка. Если учесть, что болезнь зарождается в клетке, то и спасение от неё нужно искать в излечении, восстановлении клетки. Именно по этой причине на первый план выходит наномедицина.

Данная тема заинтересовала меня, так как в будущем я мечтаю связать жизнь с медициной и считаю, что при разумном использовании нанотехнологии могут стать панацеей от любых заболеваний.

Гипотеза.

С помощью высоких технологий, таких как наномедицина и нанофармакология, можно победить болезни, которые сейчас считаются неизлечимыми.

Цель работы:

Изучить проблему использования нанотехнологий в медицине и биологии привлечь внимание общественности к данной теме.

Вообразите себе мир, в котором человек не будет иметь возраста и никогда ничем не будет болеть, где дома будут сами себя чистить, ремонтировать, освещать, нагревать и где даже деньги

потеряют свою ценность, потому что каждый сможет иметь все, что пожелает. И, как нас уверяют, все это произойдет благодаря нанотехнологиям.

Итак, понятие нанотехнологии прочно входит в нашу жизнь, а еще в 1959 году знаменитый американский физик-теоретик Ричард Фейнман говорил о том, что существует "поразительно сложный мир малых форм, и когда-нибудь (например, в 2000 г.) люди будут удивляться тому, что до 1960 г. никто не относился серьезно к исследованиям этого мира". На первом этапе развитие нанотехнологий определялось в основном созданием устройств зондовой микроскопии. Эти устройства являются своеобразными глазами и руками нанотехнолога.

Впервые мысль о применении микроскопических устройств в медицине была высказана в 1959 г. Р. Фейнманом в своей знаменитой лекции "Там внизу – много места" (со ссылкой на идею Альберта Р. Хиббса). Но только в последние несколько лет предложения Фейнмана приблизились к реальности [1].

Существует три подхода к наномедицине. Рассмотрим, какими способами в будущем могут быть осуществлены диагностика и лечение на клеточном, субклеточном и молекулярном уровнях.

Сегодня предполагаемые пути к этому могут быть разбиты на три группы. Подход "Сверху вниз"

Второй подход – "Мокрая нанотехнология"..

Третий подход – «Молекулярная нанотехнология».

Согласно статистическим данным за 2005 год на нашей планете умерло от онкологических заболеваний примерно около семи миллионов семисот тысяч человек. Если учесть, что болезнь зарождается в клетке, то и спасение от неё нужно искать в излечении, восстановлении клетки. Именно по этой причине на первый план выходит наномедицина.

Данная тема заинтересовала меня, так как в будущем я мечтаю связать жизнь с медициной и считаю, что при разумном использовании нанотехнологии могут стать панацеей от любых заболеваний.

По каноническому определению ведущего учёного в данной области Р. Фрейтаса наномедицина это: "слежение, исправление, конструирование и контроль над биологическими системами человека на молекулярном уровне, используя разработанные наноустройства и наноструктуры".

Иногда наноструктурированные материалы проявляют совершенно неожиданные качества, которые могут найти потенциальное применение в самых разных отраслях науки и техники, в частности в медицине. Биохимикам, похоже, удалось найти способ срastить порванные во время травмы нервы. Имплантат состоит из полимерных нановолокон, которые служат направляющей для растущего нерва. Кроме того, эти нановолокна можно сделать биоактивными.

Аппарат Илизарова

В Кургане состоялась конференция «Клеточные и нанотехнологии в биологии и медицине». Был предложен способ лечения людей с заболеваниями и повреждениями опорно-двигательного аппарата. Нанотехнологи направлены на стимуляцию регенерационного процесса, то есть, мобилизацию тех сил, которые есть в каждом организме. На конференции курганский научный центр представил технологии, которые позволяют сократить сроки лечения больных в разы.

Внедрение иноязычных слов определяется контактами народов, что вызывает необходимость называния (номинации) новых предметов и понятий. Такие слова могут быть результатом новаторства той или иной нации в какой-либо области науки и техники. Они также могут возникнуть как следствие снобизма, моды. Существуют и собственно лингвистические причины: например, необходимость выразить при помощи заимствованного слова многозначные русские понятия, пополнить выразительные (экспрессивные) средства языка и др. Все слова, попадая из исходного языка в язык заимствующий, проходят первый этап – проникновения.

Постепенно слово иностранного языка, благодаря частому использованию в устной и письменной форме, приживается, его внешняя форма приобретает устойчивый вид, происходит адаптация слова по нормам заимствующего языка.

Это период заимствования, или вхождения в язык. На этом этапе еще заметно сильное семантическое (относящееся к значению) влияние языка-источника.

Последний этап проникновения иностранного слова в заимствующий язык – укоренение, когда слово широко употребляется в среде носителей языка-восприимчика и полностью адаптируется по правилам грамматики этого языка.

Практическая часть работы представлена проведением опроса учащихся НИШ ФМН г. Семей, в котором были заданы вопросы на понимание и применение лексики заимствования, исследованием процесса заимствований в русском языке в сфере экономики и бизнеса.

Результаты проведенного опроса. Заимствованные слова входят в активный словарный запас 80% учеников. Более 20% учеников используют заимствования, так как хотят «быть в тренде». Это обусловлено процессом американизации, в следствие чего заимствованные слова воспринимаются как требование современного мира. Около 30% учеников используют заимствования, так как хотят быть более точными в выражении своих мыслей, потому что многие иноязычные слова являются единственными наименованиями соответствующих реалий. И, наконец, 50% опрошенных лиц используют иноязычные слова, чтобы выразиться лексикой, соответствующей той или иной сфере деятельности. То есть, это говорит нам о том, что представленные в опросе слова маркетинговой лексики являются неотъемлемой частью словарного состава учащихся, которых интересует тема нашего исследования. Следовательно, можно даже считать закономерным включение заимствованных слов в русскую лексику.

| Заемствованное слово | Примеры укоренения заимствованных слов в русском языке (на примере НИШ) |
|---|---|
| Рейтинг [англ. rating] | В электронном дневнике учеников НИШ ведется система рейтинга. |
| Инвестиция [англ. investments] | Инвестиционные фонды Казахстана начали активацию с новой подачей (уроки географии). |
| Менеджмент [англ. management] | Процесс менеджмента включает в себя ряд последовательных функции, к которым относятся планирование, организация, мотивация и контроль (элективный курс Тайм-менеджмента). |
| Менеджер [англ. manager] | Финансовый менеджер-это специалист, который распоряжается финансовыми ресурсами предприятия (уроки русского, казахского, экономики и GP). |
| Маркетинг [англ. marketing] | Выпускники «AlmaU» становятся специалистами маркетинговых служб предприятий и компаний (уроки русского, казахского, экономики и Global perspectives). |
| Инфляция [лат. Inflation «вздутие»] | Каждая страна подвергалась инфляционному риску(уроки экономики и Global perspectives). |
| Партнер [франц. partenaire] | Партнерская программа может осуществляться в форме делового сотрудничества между продавцом и партнерами (уроки права, экономики и Global perspectives). |
| Партнерство [франц. partenaire] | В политическом лексиконе понятие «стратегическое партнерство» появилось сравнительно недавно (уроки права, экономике, географии, и также Global perspectives). |
| Продукт [нем. produkt] | Продуктовые магазины всегда востребованы на рынке труда (уроки русского, казахского, английского, экономики, и Global perspectives). |
| Прайс [англ. Price] | Каждый ресторан должен иметь свой прайс-лист (уроки русского, казахского, английского, экономики, и Global perspectives). |
| Коммерция [лат. commercium] | Коммерсанты знают толк в торговле. |
| Концепция [лат. conceptio «система понимания»] | Концептуальные карты используются для организации и репрезентации знаний (уроки русского, казахского, английского, экономики, и Global perspectives). |

Во второй части исследования приведены примеры укоренения заимствованных слов в русском языке из сферы экономики и маркетинга в устной и письменной речи учащихся НИШ ФМН г. Семей.

Таким образом, исходя из проведенного анализа некоторых дефиниций, процесс заимствования проходит все стадии, и на примере практического применения учащимися соответствующей маркетинговой лексики можно сделать вывод, что современный русский язык обогащается заимствованиями в области маркетинга, зачастую не имеющих эквивалентов в русском языке, подвергающихся процессам укоренения и полной адаптации. Происходят данные процессы в языке благодаря процессам глобализации.

Литература

1. <https://www.kaplaninternational.com/ru/blog/anglijskii-biznes-slang> Английский бизнес сленг с расшифровкой
2. В. М. Аристова Вхождение заимствованных слов в лексику русского языка «Англо-русские языковые контакты». Л., 1978.
3. Ариэль Клячко (Калифорния) «Вестник» №17(224), 17 августа 1999
4. Джон Данн «Языковая глобализация и русский язык» «Троицкий вариант», №19, 2015
5. Т. Г. Линник Проблемы языкового заимствования «Языковые ситуации и взаимодействия языков»- Киев, 1989
6. Толковый словарь русского общего жаргона. М., 1999

Р.А. Кабиев

КГУ «Индустриально-технологический колледж», г. Семей
Научный руководитель: А.А. Шаяхметова, преподаватель английского языка

ENGLISH CUISINE

Everyone knows that in every country in the world its own kitchen. And all have different. And, in England there are their favorite traditional dishes. The theme of project is dedicated to the English cuisine, its features and habits of Englishmen. This theme is very important for studying since it has a linguistic-cultural character, allow you to learn more about culinary traditions of England.

History of the rise of English cuisine

The main factors that shaped the kitchen are the island state of the country and the culinary preferences of the conquerors.

Together with the transformation of England into the British Empire on the national cuisine began to influence the culinary features of India, China, North America.

The English proverb says:

“Every cook praises his own broth”.

One can not say English cookery is bad, but there is not a lot of variety in it in comparison with Europe cuisine.

The English are very particular about their meal.

Features of English cuisine

The usual meals in England are:

- Breakfast - between 7 a.m. and 9 a.m.
- Lunch - between 12:00 and 1:30 p.m.
- Afternoon tea – between 3 p.m. and 5 p.m.
- Dinner (supper) - between 6 p.m. and 8 p.m.

Traditionally, people in Britain have enjoyed a substantial hot meal for breakfast, featuring eggs, bacon, and sausage, accompanied by toast and tea or coffee. Many other items (kedgerie, grilled or fried tomatoes, baked beans, fried sliced bread, fried potato and mushrooms) may be included depending on taste and location.

Many people eat lunch while at work or school. Employers and schools usually provide a lunch break in the middle of the day, lasting as much as an hour. Some factories and schools have canteens where you can eat.

But the packed lunch is the most common thing to eat. A packed lunch normally consists of some sandwiches, a packet of crisps, an apple and a can of something to drink, for example, coca-cola. The contents are kept in a plastic container and you take it with you when you go to school or work.

Traditions of English tea

Tea is very popular among the English; it may almost be called their national drink. The English like it strong and fresh made. The English put one teaspoon of tea for each person. Tea means two things. It is a drink and a meal. Traditionally, loose tea would be served in a teapot with milk and sugar. This would be accompanied by various sandwiches, scones and usually cakes and pastries. The food would be often served in a tiered stand.

Dinner – the evening meal – is the biggest and the main meal of the day. It begins with soup.

The most typical thing to eat for dinner is "meat and two vegs". This consists of a piece of meat accompanied by two different boiled vegetables. One of the vegetables is almost always potatoes. The British eat a lot of potatoes.

In the course of work on the project I got acquainted with English cuisine, traditional and festive dishes of England and introduced my friends.

The English follow the diet. The main eating of food: morning tea, breakfast, lunch, five o'clock tea, dinner.

The main dishes are deep-fried fish with potato, bloated acne.

The result of the work was a book of recipes in Kazakh and English languages “Traditional dishes of Great Britain”.

Work of project is continuing. In the course of the project I found out that the British prefer a lot of meat. My prospects for the future to learn dishes with meat and cooks them.

М.М. Сазанова

КГУ «Индустриально-технологический колледж», г.Семей

Научный руководитель: Г.К.Андриханова, преподаватель русского языка и литературы

Л.Н.ТОЛСТОЙ. СЕМЬЯ РОСТОВЫХ В РОМАНЕ «ВОЙНА И МИР»

Ростовы – это граф Илья Андреевич, его жена и четверо их детей – Вера, Наташа, Николай и Петя. Также практически членом их семьи стала Соня, племянница графа, которая с детства росла и воспитывалась в доме Ростовых.

Атмосфера добра, благожелательности, душевной щедрости, любви, заботы друг о друге создана в доме Ростовых взаимными усилиями старого графа Ильи Андреевича, графини и их детей. Душой этой семьи, несомненно, является Наташа. Будучи решительной личностью, она умеет подчинить себе окружающих. Для Ростовых семья воплощает не просто родственные чувства, обычно испытываемые друг к другу, но, в первую очередь, стремление помочь в беде и объединиться ради общего благополучия любящих людей. Совсем не случайно Толстой делает семью Ростовых идеалом семейной жизни.

Первый раз семья Ростовых встречается на именинах графини. Сразу же можно заметить здесь атмосферу радушия, любви и доброжелательности, так как "в доме Ростовых любовный воздух". Граф и графиня — добрые и простые люди, всей душой и сердцем открытые детям. Они рады каждому, кто приходит к ним. Жить в таком доме, где царят мир, взаимопонимание и уважение, – это счастье. В семье все откровенны друг с другом: искренне веселятся и плачут, вместе переживают жизненные драмы. Все дети чувствуют родительскую нежность и ласку.

Ростовы – патриоты. Своим поведением во время Отечественной войны они выражают народный дух. Они жертвуют своим имуществом, отдавая подводы раненым, на Бородинском поле солдатам и платят самым дорогим – гибелью Пети. О близости Ростовых к народу можно было догадаться, наблюдая сцену охоты, где все равны – и граф, и ловчий Данила; народную пляску Наташи в доме дядюшки; близость семьи Ростовых к народным обычаям (святки, ряженые). Родители воспитывают своих детей, отдавая им всю свою любовь. Они могут понять, простить, помочь. И дети отвечают родителям своей заботой, вниманием, лаской.

Граф Ростов «Мы люди простые, не умеем ни беречь, ни приумножать. Я всегда рад гостям. Жена даже жалуется иногда: мол, замучили визитёры. А я люблю всех, у меня все милые. У нас большая дружная семья, я всегда мечтал о такой, всей душой привязан к жене и детям. В нашей семье не принято прятать чувства: если грустно – мы плачем, радостно – смеемся. Хочется в пляс – пожалуйста.

Глава семьи Ростовых – граф Илья Ильич Ростов – мягкий, доверчивый, бескорыстный человек. В ранних набросках к роману Толстой характеризовал своего героя как небрежного, непоследовательного, несколько тщеславного, но в целом добродушного человека. Граф очень любит своих детей и жену. Он глубоко чувствует искусство, прекрасное. Но этот герой крайне непрактичен в житейских вопросах. Он может потратить немногие оставшиеся у него деньги на роскошный бал. Илье Андреевичу чужд расчет, корысть, алчность. Отец смог проявить своим детям чувство чести. Именно поэтому он с легкой душой отпускает младшего сына Петю на войну.

ВЫВОД

Мы рассмотрели образцовую семью Ростовых. Это семья является примером для подражания. В семье царит атмосфера добра, любви, взаимопонимания. Несмотря на то, что современная семья тоже патриархальная, она всё же отличается от классической семьи 19 века тем, что в 19 веке основное назначение женщины – это женщина – мать – хранительница домашнего очага. Современная женщина сочетает и заботу о детях, и работу. Возможно, поэтому некоторые дети совсем не похожи, по своим, нравственным качествам на детей из семьи Ростовых, из – за занятости родителей на работе.

СЕКЦИЯ № 4: ҚАЗАҚ ТІЛІ, ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

СЕКЦИЯ: КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК, ЛИТЕРАТУРА И ЖУРНАЛИСТИКА

С. Жеңісқазина, А. Болатқызы

№ 47 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қ.

Ғылыми жетекшілері: А.Ж. Кумашева, Ж.Қ. Бияхметова, география пәнінің мұғалімдері

АЛАШТЫҢ АСЫЛ АРЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Тарихтың ойлы-қырлы беттерінде халық жүрегінде сақталып, жадында жатталып қалатын есімдер болады. Ал менің осы жұмысты жазуыма және рухани сана-сезімімнің қалыптасуына айрықша әсер еткен тұлға-Ахмет Байтұрсынұлы. Мен осы Ахмет Байтұрсынұлын бір тұтамын. «Қайтсем халқыма пайдамды тигіземін, қалай ғана ұйқысынан оятамын, қайтсем қара халықтың көзін ашамын» – деген мақсатты ойларын үнемі жадымда сақтаймын. Абай атамыз «Болмасаң да, ұқсап бақ» - дегендей, мен де туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерімен, шығармаларымен қаруланып, жігерленіп, оның ізін жалғастырып, қазақ халқының дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру үшін және руханиятын кеңейту мақсатында осы тақырыпты таңдап алдым. Ол бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған, қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға [1].

Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында туған. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі, ақын, аудармашы, педагог-ағартушы, публицист, қоғам қайраткері, лингвист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды [2,3].

Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесепаттарды өңменінен түйрейді. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты.

«Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін

жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазірде өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда [4].

Әдебиеттер

1. Өмірхан Әбдиманұлы Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. Алматы: «Арда» 2007 жыл 39 бет
2. С.Мағыпарұлы, Т.Сыдықов Қазақ әдебиеті Алматы: «Фолиант» баспасы, 2011 жыл 95 бет
3. Е.Тілешов, Г.Әріпбекова Алаштың ардағы. Астана: Зерде, 2008 жыл
4. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін]: (алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы жайында) // Егемен Қазақстан. – 2017. – 17-24 ақпан. -Б. 7

А.Б. Мұбарак

«А.Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
Ғылыми жетекшісі: Д.Ш.Турдуғұлова, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

ӘДЕБИ МӘТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ КОНЦЕПТУАЛДЫ ТҮРДЕ ЕСТЕ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қазақ әдебиеті – қалыптасқан тарихы бар, әлем әдебиетінде өзіндік орнымен ерекшеленетін бай әдебиет. Сонымен қатар қазақ әдебиеті білім деңгейі ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді. Сабақ барысында «баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса», «жұмыстайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе» деп ұлт ұстаздарының бірі Жүсіпбек Аймауытұлы (1929ж.) айтқандай бұл ретте оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс. Бір сабақта «мұғалім–бағыттаушы» ретінде тапсырманы орындауды кіріктірілген түрде ұйымдастырып, «оқушыны-зерттеуші» ретінде қоя отырып, түсінбеген материалға мұғалім өзі жетекшілік ете отырып, оқушының жан-жақты түрде қарастыруына жағдай жасайды. Бұл жұмысты біз барлық пәндерді кіріктіру арқылы қарастырдық. Мысалы жырдан үзінді:

Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жаркылдап,
Алтын шашбау шашында.

Осы жыр үзіндісіндегі «алтын шашбау» тіркесіндегі «шашбау» сөзін негізгі нысан ретінде алдық. Мәселен, химиялық жағынан алғандағы алтынның құрамын айта отырып, тот баспайтындығын, әдемі екендігін, алтын ауыр металл болғандықтан шаштың өсуіне әсер ететіндігін, сонымен қатар медицина-биологиялық жағынан омыртқаның түзу қалыптасуына, арқа бұлшық еті мен жүрек, бүйрек, ішкі құрылысымыздың дұрыс орналасуына септігін тигізетіндігін, егер омыртқа қисаятын болса, «сколиоз» ауруына ұласатындығын мұғалімнің жетекшілігімен бірлесе отырып анықтай білдік. Салт-дәстүр мен лингвистика жағынан шашбауға, шашқа қатысты қаншама тыйымдар бар. Шашты өсіру – әдеміліктің белгісі, бірақ салт-дәстүр бойынша шашты жайып жүрген дұрыс емес екендігіне де тоқталдық. Бір айта кететін мәселе, тек «Қыз Жібек» жырындағы бір ғана «алтын шашбау» тіркесіндегі «алтын» сөзі туралы кіріктірілген түрде қаншама мәліметтер алынды. Ол басқа пәндерден осы тектес тақырыптарды өткен кезде де алған білімін қолдана алады. Міне, бұл концептуалды түрде оқушының лексиконында қазіргі таңда қолданылмайтын «шашбау» сөзін зерттеу арқылы біз өзіміздің ұлттық құндылығымызға деген көзқарасымызды өзгерттік. Оны бағалай білу керектігін, кезіндегі салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуымыз керектігін, басқа мемлекеттерде осы ұлттық нақыштарымыз арқылы таныла білу керектігін білдік. Концептуалды түрде қарастырудың тиімділігі: түрлі пәндердің мазмұнын кіріктіруге, идеяларды, әдістерді, қағидаларды бір пәннен екіншіге таратуға, оқу сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді; бұл тәсіл зерттеуге негізделген оқытуды меңзеп, пәнді терең оқуға жағдай жасайды; концептуалды оқыту әдісін пайдалану- оқу үдерісінің табысты болуына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея – қазақстандықтардың

бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет сапаларды жетілдіруге бағытталған» деп атап өткен болатын. Қорыта айтқанда, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» дегендей бәсекеге қабілетті ұлт болашағы – жас ұрпақ біздің қолымызда деп аяқтағым келеді.

Әдебиеттер

1. <http://ushkin.kazjur.kz/?p=48> Қыз Жібек (1894 жылы Қазан қаласында жарияланған нұсқа)
2. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Р.Әлімқұлова, Р.Сәтімбекова, А.Соловьева/ Алматы: Атамұра, 2016.-110 бет.
3. Химия: Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық. Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н. / Алматы: Атамұра, 2009. - 216 бет.
4. Ғаламтор материалдары

Г.Ж. Жарқынбекова

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі
Ғылыми жетекшісі: А.Б. Манабаева, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ӨСИЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ӘДЕБИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

«Әзілхан – біздің республикамыздағы, үлкен одақ көлеміндегі жақсы танылған прозаиктеріміздің бірі. Әзілханның әрбір кітабы, баспадан шыққан әрбір сөзі біздің халықтың жүрегіне қонып жатқан сөздер, көңіліне ұялап қалған ойлар» [3]. Бұл – жарты ғасыр бұрын Ә.Нұршайықовқа Ғабит Мүсіреповтің берген бағасы.

Көңілге ой ұялатын шығармасы – өсиет өлеңдері. «Өсиет өлеңдер» – бүгінгі қоғам мен әлеумет өмірінің ғана емес, адам жан-дүниесінің өзгерістеріне үңілген, ізгілікке, жақсылыққа үндейтін, кейінгі жасқа бағыт-бағдар көрсете алатын, көркем сөзбен жазылған шығарма. Прозаның ақтангері бұл жолы поэзия тілімен де парасатты үн қата біліпті-ау!» [2].

Парасатты үн, көтеріп тұрған жүгі ауыр. Парасаттылық лингвистикалық сипатынан көрінеді. Ал әрбір сөз ой күрделілігінің «сақшысы» тәрізді, өзіндік стилистикалық мәнін асыра атқарады. Антонимдік, метафоралы, синонимдік қолданыстар өсиет өлең табиғатын әсерлендіріп, байыта түседі.

Автордың:

Сенбегендер ақыры,

Ақиқатқа жетеді.

Сенгіштердің көбісі,

Алданумен өтеді [2], – деген шумақтағы антонимдік қолданысы адам баласының табиғаттан сенгіш болып келетінін, сондықтан кез келген пендеге толықтай сенбеу керектігін көрсетеді де, ақиқат пен алдану ұғымдарын контекстікте антоним ретінде қолданады.

Жалғыздықты ерекше

Ұлы адамдар ұнатқан.

Ой теңізін кешкенде,

Серік боп, сол – жұбатқан [2], – деп, «ой теңізі» деген метафоралық қолданысының ойлы адамға беретін керемет мүмкіндіктері мен оның ашатын белестерін танытады. Сол «ой теңізіне» шақырып, данышпандықты дәріптейді.

Рухың бай болмаса,

Оңалмайсың, оңбайсың.

Ақылың, арың бар болса,

Азбайсың да тозбайсың [2], – деген автордың гипербола синонимдері ақыл мен рухтың адам өміріндегі маңызын күшейтіп, түптің түбінде жақсылық күтетінін білдіреді. Бұл тағы да оқырман санасы мен ақылына қажет қасиеттерді үнемі дамыту қажеттігін ұғындырады.

Енді бірде қатыстық және сапалық сын есімді былай қолданады:

Өмір деген жастарға –

*Таусылмайтын болашақ,
Қарттар үшін бір тұтам,
Қысқа жіптей, шоп-шолақ!* [2].

Бұл жастарға өмір шаттыққа толы екенін айтып, көзді ашып жұмғанша өте шығатынын меңзеп, ондағы әр уақыттыңды бағалай білуге шақырады. Эпитетті теңеу мен күшейтпелі шырайлы сапалық сын есім бірыңғай анықтауыш қызметінде жұмсалып, адам өмірінің қысқалығын градациялық жолмен үдетеді.

Осындай әдеби-лингвистикалық сипат өсиет өлеңнің көркемдігін шырайландырып, танымдық құндылығын алмастай жарқыратады.

Өсиет өлеңді тану мен түсіну, оның әдеби-лингвистикалық сипатын зерттеу де оқырман қолында. Жеңісі – өмірлік ұстанымда.

Әдебиеттер

1. <https://yvision.kz/post/309254>
2. https://aqparat.info/news/2012/02/04/6277689-azilhan_nyrshaiykov_osiet_olender.html
3. Нұршайықов Ә. Мен және менің замандастарым//Таңдамалы шығармаларының он томдығы
4. Тоқтағазин М. «Деректілік пен көркемдік» “Arna-b” баспасы, 2012

А.А. Қуанышева

Семей технологиялық колледжі, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Б.Б. Рымбосинова, қазақ тілі пәнінің мұғалімі

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОРНЫ

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу қазіргі кездегі ең басты міндет. «... Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда. Сондықтан тәрбиелі жас болып қаланайық. Біреудің ала жібін аттамай адамгершілігі мол ұрпақ болайық», – деп Елбасы Қазақстан халқына 30.11. 2015 жылғы жолдауында жас ұрпақты, ғылым жолында еңбектенуге және адамгершілігі мол тұлға болып қалыптасуға үндеді [1].

Олай болса, адамгершілік-рухани тәрбиенің, жалпы адамдық құндылықтарды білім жүйесіне енгізу қажеттігі күн талабына енді. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз – рухани-адамгершілік байлығымыз.

Осы бағытта ақын ағартушы Шәкәрімнің көзқарастары қазақ халқының жас ұрпақты өсіру мен оқытып тәрбиелеудегі талаптарына сүйеніп негізделген.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», — деген нақыл сөзде айтылған адамның жақсы өмір сүруіне негіз бола алатын адами қасиеттердің мәнін ұғыну жастардың өз бойларындағы адамгершілік қасиеттерді дамытуына ықпал етеді.

Шәкәрім «қиянатсыз надандар әулиеден кем емес» деу арқылы адамшылықтың ең алдымен білім арқылы емес, қиянатсыздық арқылы қалыптасатынын айтып, қиянатсыздықты білімнен жоғары қойған. Ар білімнің алдында тұрса, білімді адамзат игілігі үшін қызмет еткізуге болады. «Қиянатың бар болса, иманың жоқ» деген Шәкәрім. Қиянатсыз ой ойлау, қиянатсыз сөз сөйлеу, қиянатсыз әрекет ету адамды жарыққа, тазалыққа бастайды [2].

Қорыта келгенде, ақын өлеңдерінің басым көпшілігі рухани адамгершілік қағидаларға толы. Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Шәкәрім атамыздың тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол.

Демек, жастарды тәрбиелеуде олардың жан-дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеуде Шәкәрім өлеңдерінің рөлі ерекше.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2. Ізтілеуова С. Шәкәрімнің шеберлігі. Алматы. 2007ж.

М.Е. Еркын

«Семей қаласының Технология колледж» мекемесі
Ғылыми жетекшісі: Г.Е. Бейсебаева қазақ тілі және әдебиет мұғалімі

ҚАЗАҚ МАҚАЛЫ – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Халық ауыз әдебиеті – талай ғасырдан келе жатқан асыл мұра, сарқылмас байлық, мол қазына. Қазіргі кезде ұлттық тәрбиенің көзі ретінде ауыз әдебиетін, шешендік сөздерді, мақал-мәтелдерді айтуымызға болады. Қазақ сөзбен түзеп, көзбен тәрбиелеген ұлы халық қой. Даналығы мен даралығы, тәрбиесі мен өнегесі сөзінде көмкерілген.

Шәкәрімнің: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан – дегеніміз ынсап, әділет, мейірім», -дей келе, «тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі – дене өлсе де, жан өлмейді, жоғалмайды; өлгеннен кейін де осы күнгі тіршілікке мүлде ұқсамайтын бір түрлі тіршілік өмір бар; сондықтан адамдар жалғыз ғана дүние тіршілігін ойламай, сол соңғы дүние өмірінде де жақсы, бақытты болудың қамын ойлай білуі керек. Мұны ақырет дейді, өлгеннен соңғы өмір жолы дейді» [1,65], – деген сөзі де адамның бұл дүниедегі ғұмыр мақсаты ұждан болуы керектігін философиялық тұрғыда дәйектеген мәтелдік мәндегі тағылымдық сөз.

Мақал-мәтелдер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін халық мұрасы. Сондықтан, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтатын мақал-мәтелдер аз сөзден құралғанымен, беретін мағынасы өте кең. Осындай даналық мәйегі қазақ мақал-мәтелдерінің мағыналық сипаттарына ар, ұят, ұждан туралы қазақтың көптеген мақал мәтелдерін келтіруге болады, қалықта кең тараған күнделікті көп қолданыста жүрген «Тас пен атқанды аспен ат», – деген мақалдың мағынасы туралы айтқым келеді.

Осыған байланысты бір атаның әңгімесі есіме түсіп отыр. Ол кісі жастайынан жетімдіктің тауқыметін көріп өседі. Жас кезінде айналасындағы адамдардан тек жамандық көріп, жақсылықтың не екенін білмей өседі. Сөйтіп күндердің бір күні сол жігіт ашығып келе жатып, жол бойында аяғы ауыр әйелді көреді. Ол әйел қойнына тығып бірдеме жеп отырады. Сосын ол әйелдің қасына барып қолындағы бір үзім нанын тартып алып, өзін құдыққа итеріп жібереді. Ол әйелдің бақырғанына қарамай кете барады.

Жылдар өте келе ол жігіт басынан көп қиындық өткізіп, бірақ жүрегі жылымай айналасындағы адамдарды жау көріп, өзінің алған бетінен қайтпады. Түрмеден келе жатып бір ауылды көреді. Сол ауылдағы бір үйге кіріп түнеп шығуға рұқсат сұрайды. Ол үйдің есігін ашқанда бір егде әйел бетіне бір қарап «Жоғары шығыңыз. Көптен бері біздің үйге қонақ келмедіңіз». Сол жігітке арнап мал сойып, ет асып дастархан жаяды. Бұндай құрметті көрмеген жігіт мәз болып қалады. Дастархан басына ет қойып сол әйел – “ Еттен алыңыз, ет жеңіз”, -дейді. Ол жігіт – “рахмет тойдым” – дейді. Сол кезде әйел алдында шай құйып отырған қызды көрсетіп былай дейді:

-Бұл қызды таныдың ба? Сол кезде мені құдыққа итеріп жіберген кезде осы қызға аяғым ауыр болатын. Енді міне осы қыз алдында шәй құйып отыр. Бұны естіген жігіт өзі істеген ісіне көзі жетіп, жауыздығын сезініп, жерге кірерге тесік таппай өз-өзін жек көріп кетеді. Сол кез қайтіп келсе жеген тамағын қайтарып бергісі келеді. Содан ұялғанынан үн-түнсіз түн қараңғысына қарамай ай далаға безіп кетті. Осы кезде жігіт қайғырғанынан жерді құшақтап, өлімде алмайды мені, тым болмаса қасқырға да жем болмадым ғой деп ақырып жылайды. Содан бастап сол жігіт жақсылық жасап жақсы жағына қарай өзгереді, бірақ өмір бойы осы басынан өткен оқиғаны тірі жанға айтпай ішінде бүгіп жүре берді.

Сондықтан төсек тартып жатқан адам, өмір бойы ішінде бүгіп жүрген сырын ана дүниеге барар алдында ішіне сақтай алмай, тірі жанға жүрегіндегі күнәсін өгей баласынан туған немересіне айтып берді. Өз сөзін осындай сөзбен аяқтады: Балам, сол жерде «Тас пен атқанды аспен ат», – деген мақалдың мағынасын түсіндім. Жас кезімде мен істеген жамандығым үшін қаншама опық жесем де, не сөз өтпейтін, не таяқ өтпейтін жаным қатып қалған пенде болдым. Сол әйел бүкіл ауылмен бірге қосылып мені соғып өлтірсе де, мен ұждан, ұят дегеннің не екенін білмес едім. Осы мақалдың мағынасын көбі дұрыс түсінбейді, осы мақалдың мағынасын дұрыс түсінген әйел, өркөкірек, ақылсыз, тас жүрек және де адамға жақсылық пен жамандықтың, адамгершілік пен жауыздықтың терең мағынасын аша білді.

Әдебиеттер

- 1.Құдайбердиев Ш. Үш анық. Алматы, 1992 ж.
- 2.Потебня А.А. Эстетика и поэтика.-М., Искусство,1976 г.
- 3.Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Алматы, 1980 ж.

С. Қуанышбаев

Н.Г. Чернышевский атындағы №1 мектеп, Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: Ж.Ш. Баймұратова, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақал – мәтел өмірден, тәжірибеден туған, қоғамдағы сан қилы құбылыстарға берілген баға, қорытынды түйін. Мақал – мәтелді шығарушы, оның асылын тудырушы да халық. Мақал еңбекші халықтың ұшан-теңіз мол өмір тәжірибесінен, рухани бай өмірінен, ұшқыр қиялынан, сергек ой-ақылынан туады.

Осыдан 100 жыл бұрын В.В.Радлов жазып алған: “Түркі сөздігіндегі мақал-мәтелдерді қазіргі түркі тілдермен салыстырғанда, олардың даму, қалыптасу кезеңдеріндегі өзгерістерді жақсы байқауға болады.

Мақал – мәтел халықтың өмірі, өткендегі тарихы туралы құнды материал ретінде қолданылып отырады. Қазақ мақалдарының ертеден келе жатқан көне жанр екендігі түркі тілдес елдердің жазба ескерткіштерінен көруге болады. Мысалы, Махмұд Қашқаридың “Диуани лұғат ат - түрік” (1072) деген еңбегінде, “Кодекс Куманикусте” (Еңбектің авторы мен жазылған жері белгісіз) қазіргі қазақ мақалдарына ұқсас мақалдар кездеседі. Мақал – мәтелдерді өткендегі халық өмірінің айнасы деуге болады. В.В.Радлов өз қолымен жинаған, зерттеген ескі жазба түркі ескерткіштерін де мол пайдаланған. В.В.Радлов келтірген мақал-мәтелдерді тіл білімі тұрғысынан зерттегенде, түркі тілдердің негізі бір, туыстығымен қатар, ұлт, тіл лексикалық құрамындағы, грамматикалық өзгерістер байқалады. Бұл- заңды құбылыс.

Қазақ халқының мақалдарын жинау, зерттеу жұмысы тек 19 ғасырда басталды. Оларға ең алғашқы рет назар аударып, жинаушылар орыс ғалымдары болды. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін орыс ғалымдары қазақтың жер байлығын, географиясын өте зер сала зерттеп бастағаны мәлім. Сол сияқты қазақтың бай ауыз әдебиеті, соның ішінде мақал-мәтелдерді де 19 ғасырдың 70 –ші жылдарынан бастап жиналып баспа жүзіне шыға бастады. Қазақ мақалдарын жинап баспа жүзіне алғаш жариялағандар орыс ғалымдарынан: В.В. Радлов, М. Терентьев, Ф. Плотников, И. Гординов, А.В. Васильев, Н.Н. Пантусов, В. Екатеринбургский т.б болды. Ал, қазақтың өз мәдениет қайраткерлерінен орыс ғалымдарымен иықтаса Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, А. Байтұрсынов т.б ауыз әдебиет нұсқаларына, соның ішінде нақыл сөздерге, мақал – мәтелдерге қатты зер салып, жинап, зерттеп, соған ғылыми баға берді.

Өткен ғасырда баспа бетіне шыққан мақалдарды тексеріп қарағанда, өзге облыстардан гөрі Ақмола, Семей, Торғай облыстарының мақалдары көбірек жарияланғаны байқалады.

1876 жылы Ақмола облыстық ведомостерінде жүз елуге жуық қазақ мақалы басылған. Соның небәрі жүзден астам мақалы төмендегі түрде:

- 1.Құдайға, дінге көзқарас.
- 2.Ұят, ар, адамшылық туралы.

3. Үкімет, үкімет тағайындаған ел басшылары, заң туралы.
4. Дүние, қоғам туралы.
5. Үй іші туысқандық туралы.
6. Жеке адамдар туралы.
7. Табиғат, әлемге көзқарас – делініп жеті тарауға бөлінген.

Мақалдардың осылай жүйеленуі мен әр бөлімінің атынан – ақ жарияланған мақалдардың идеялық жағы анық байқалады. Баспасөз беттерінде басылған қазақ мақалдарының ішінде ең көлемдісінің бірі – А.Е.Алекторовтың 1894 жылы “Астраханский вестникте” жарияланған мақалдары. Орыс ғалымдары жинаған мақалдардың жеке жинақ болып басылғандарының ең көлемдісі В.Катаринский жинағы.

XIX ғасырдың аяқ кезінде мақал-мәтелдерді жинау, зерттеу жұмысына қазақтың өз ғалымдары да араласты. Басқа ауыз әдебиет үлгілерімен бірге қазақ мақалдарын жарыққа шығарып, баспа жүзінде жариялауда Әбубәкір Диваев көп еңбек етті.

Мақал-мәтелдердің қазақ әдебиетінің қалыптасуы, дамуында елеулі мәні бар. Ауыз әдебиеті және жазба әдебиетінің өкілдері өз шығармаларында халық мақал-мәтелдерін кеңінен пайдаланды.

Қазақтың белгілі ағартушы ғалымы, әдебиет зерттеушісі Ш.Уәлиханов мақал-мәтелді халық әдебиетінің қоғам өмірін терең суреттейтін маңызды бір саласы деп жоғары бағалаған. Ш. Уәлиханов кейбір қазақ мақалдары мен орыс мақалдарында жақындық, ұқсастық барында атап көрсетті. Қазақ әдебиетінің классиктері Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев мақал-мәтелдерге өте үлкен мән берді. Алтынсарин балаларға арналған оқулықтар мен әңгімелеріне қазақ мақалдарының ең таңдаулысын енгізді. Абай өз өлең шығармаларында халық мақалдарын сүйсіне пайдаланған. Қазақ совет әдебиетінің С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты көрнекті өкілдерінің шығармаларында да мақал-мәтелдер үлкен шеберлікпен қолданады. М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясында жүздеген бейнелі сөз тіркестері кездеседі. Мысалы: “Бөрінің артынан бөлтірік, ақылды болғандықтан ермейді” сияқты. Мақалды тудырушы – еңбекші халық. Ол халық данышпандығының алтын қазыналы мұрасы болып табылады. Бұдан барлық мақалды халық шығарған деген ұғым тумайды.

Менің бұл ғылыми жұмысымызда басты мақсат – қазақ мақал-мәтелдерінің тіл мәдениетін дамытудағы ролін ашу, ұлттық жазба әдеби тілдің даму барысындағы мақал-мәтелдердің көркемдік ерекшелігін зерттеп салыстыра, сипаттап айқын көрсету еді.

А.Ж. Сексенова

«№15 жалпы орта білім беретін мектеп»КММ, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: С.К. Балыкбаева, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙ КАТЕГОРИЯСЫ

Мақалада қазақ және орыс тілдеріндегі сын есімнің шырай категориясы қарастырылады. Салғастырылып отырған тілдерде заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы сын есім деп аталады. Сын есім өз семантикалық ерекшелігіне қарай затты сыр-сипат жағынан анықтайды, бірақ ол анықтауыш қызметін атқарып тұрғанда тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді. Ал орыс тілінде сын есім анықталатын зат есіммен бірдей өзгеріске ұшырайды, яғни көптеледі, септеледі, тек (род) категориясы бойынша өзгереді. Мысалы: *большой дом – большие дома* [1].

Қазақ тілінде де, орыс тілінде де сын есімдерге шырай формасы тән. Бірақ шырай формасына байланысты айырмашылықтар да баршылық. Қазақ тілінде кейбір мағынасына қарай және топтау барысында бір топқа жататын сан есімдердің кейбіреулерінің шырай формасы бар, ал кейбіреулерінде жоқ. Мысалы: *әдемі – әдемілеу, қисық – қисықтау, ал бойдақ* деген сын есімдердің шырай формасы жоқ. Салғастырылып отырған тілдерде шырайдың үш түрі де кездеседі: жай шырай (положительная степень); салыстырмалы шырай (сравнительная степень); күшейтпелі шырай (превосходная степень) [2].

Заттың белгісін, түсін (түрін), сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, тағы басқа сондай негізгі сын-сипаттарын білдіретін сапалық сын есім жай шырай (положительная степень) деп аталады. Жай

шырай формасы шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салыстыратын негізгі форма болып саналады. Мысалы: *жылы үй (теплый дом), әсем сурет (прекрасный портрет)*. Салыстырмалы шырай (сравнительная степень) бір заттың сынын екінші заттың сынына салыстырып, сол салыстырылатын белгілердің бір-бірінен не кем, не артық екенін білдіреді. Салыстырмалы шырай тұлғасы, негізінен, жұрнақтар арқылы жасалады. Қазақ тілінде салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтар төмендегідей: *-рақ, -рек; -ырақ, -ірек: көгірек, жасылырақ* т.б.; *-лау, -леу; -дау, -деу; -тау, -теу: үлкендеу (бірақ үлкенірек), қаттылау (қатқыл, сонда «қыл» мен «лау» синонимдес болып шығады); -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -аң, -ғыш: дымқыл, көкшіл, сарғыш* т.б. Мынадай тұлға да кездеседі: *қызылтым, аиқылтым* [1]. Орыс тілінде салыстырмалы шырай (сравнительная степень) мына жұрнақтар арқылы жасалады: *-ее, -ей: красивее, прекрасней; -е, -ше: реже, больше*. Салыстырмалы шырайдың жасалу барысында мынадай да ерекшеліктер байқалады:

1. Салыстырмалы шырай басқа түбірден жасалады, Мысалы: *хороший – лучше, маленький – меньше*

2. Бір сын есімнен екі тәсіл арқылы салыстырмалы шырай жасауға болады. Мысалы: *поздний – позднее, позже, далекий – дальше*. Бұны ерекшелік деп атауға болмайтын сияқты, өйткені қазақ тілінде де екі тәсіл арқылы бір сын есімнен салыстырмалы шырай жасалады. Мысалы: *көктеу – көгірек, қаттылау – қаттырақ*.

3. *-и, -ий* жұрнақтары арқылы жасалған кейбір сын есімдер бірнеше мағына білдіреді. Мысалы: *лучший* – салыстырмалы мағынаны да, күшейтпелі мағынаны да білдіреді [3].

Екі тілде де сын есімнің күшейтпелі шырай (превосходная степень) категориясы бар. Заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте түсетін, асыра көтеретін не асыра төмендететін сын есімнің формасын күшейтпелі шырай (превосходная степень) дейміз. Қазақ тілінде бұл шырай негізгі сын есімдерге күшейткіш буынды қабаттастыру арқылы жасалады. Мысалы: *жап-жасыл, жұп-жұмсақ*. Күшейтпелі шырай формасын жасайтын тағы бір тәсіл – сын есімдер мен *аса, өте, тым, нағыз, нақ, ең, орасан, керемет* сияқты көмекші сөздердің тіркесуі. Мысалы: *ең құрметті, аса үлкен* [4].

Әдебиеттер

1. Жағыпар Мұсаұлы. Раушан Сақтиярқызы Әміренова. Қазақ ,орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы. Көкшетау, 2003
2. Бейсенбаева К.А. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. – Алматы, 1994
3. Бейсенбаева К.А. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. – Алматы, 1994
4. Исаев С.М. Қазақ тілі жайында ойлар. Алматы, 1997ж.

Г. Ақанқызы

КММ «Индустрия – технология колледжі»

Ғылыми жетекші: А.Б. Жакпекова қазақ тілі және әдебиет мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОРЫС ТІЛІНІҢ АУДАРМАСЫ СТАТУСЫНДА ҚАЛЫП КЕЛЕДІ

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ол қазақ ұлтының ресми құжаты. Қазақстандық ұлттардың тағдыр маңдайына жазылған төлқұжат. Тәуелсіздік алғалы қазақ тілінің ұлттық мұраты бірталай асулардан өтіп, қиын кешулерді бастан өткерді. Бүгін қазақ тілі – кеңсе тіліне айналып келеді. Ұлт зияткері С.Сейфуллин «Қазақ тілі кеңсе тіліне айналмай – бағы жанбайды» деп бүгінгі тілдік түйіткілді анық айтып кеткендей. Қазақ тілі мемлекеттік құзырлы органдардың қадағалауымен кеңсе тіліне еніп, қолданыс аясы кеңігенімен, тек қана орыс тілінің ғана аудармасы статусында қалып келеді. Өйткені, кез келген ресми іс қағаз болсын, оқулық болсын, жарнамалық билборд болсын, қазақ тілінен бұрын орыс тіліндегі нұсқасына көз жүгіртіп алатын ғадетіміз бар. Өйткені, сіздің қолыңызға түскен тағамның, не болмаса дәрілік заттың құрам-қолданысын түсіну үшін орыс тіліндегі түсініктемесін шолып барып, қазақ тіліндегі аудармасын оқысаңыз ғана түсінетін жағдайға жеттік. Қазақ тілі өзінің тілдік үстемдігін өсіру үшін әуелі орыс тілінің көлеңкелік нұсқасы болудан бас тарту керек. Яғни, қазақ тіліндегі кез келген оқулық, ақпарат көздері орыстілді континенттен аудару ісінен бас тарту керек.

Қазақша ойлау ең әуелі баба салтты дәстүрлі мәдениет көзінен бастау алады. Қазақша ойлаудың негізі – қазақша сөйлеу дағдысында. Сөйлеу мәдениеті жұтаң буынның ойлау қабілеті де кедей. Бұл дерт тек қала тұрғындарына ғана тиесілі емес, дала тұрғындарының сөйлеу мәдениеті дағдарып қалуымен де байланысты. Қарапайым ғана мысал, қазір сөйлеп отырғанда «жаңағы», «жана», «неғып», «нема», «не ғой» деп күмілжу дерті тілдің сөйлеу мәдениетінің дағдарып қалғанын көрсетеді. Тұрмыстық деңгейдегі қазақша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін қазақша ойлауға бағыттайтын іс-шаралар атқарылуы тиіс. Қазақша ойлаудың көзі – дәстүрлі мәдениетте. Дәстүрлі мәдениет дегенімізде – қазақтың мифологиялық ойлау түйсігі, нақылдық, шешендік сөздері, Батырлар жырының мазмұнында, ұлттық ойлай жүйесінде.

Өткен ғасырда қазақ тілінің түпнегізіне балта шабу үшін екі рет әріп ауыстырылғаны аян. Бірінші төтеше жазудан латынға, латыннан кирилшеге. Елбасының латын әрпіне көшу туралы ұсынысы бірнеше жыл бойы көтеріліп келеді. Латын әрпіне көшуді біршама ғалымдар бірауыздан қолдауы құптарық жайт. Өйткені, латын әрпіне көшу арқылы өз ұлттық негізімізге біртабан жақындаймыз.

Жаңа алфавит 25 әріптен және 8 диграфтан тұратын болады.

Шаяхметов атындағы тілдер даму орталығының директоры

Ербол Тлешовтың айтуы бойынша жаңа алфавит жобасы 25 әріптен тұрады. Қазақ тілінің кейбір дыбыстары диграф деген 8 әріптен тұрады. Тлешов айтуы бойынша берілген нұсқа қазақ тілінің бүкіл дыбыстық гаммасын білдіреді.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев “Болашаққа бағдар рухани жаңғыру” атты жарлығында 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдар мен қоғам қайраткерлердің көмегімен осы жаңа алфавитті заңға енгізу ұсынысы болды. Осыдан 1 апта бұрын осы ұсынысқа елбасымыз қол қойды. Елбасымыздың бұйрығымен 2018 жылдың басынан бастап осы жаңа алфавиттер Қазақстандағы бүкіл оқу орындарында және оқулықтарда енгізілмек. Және 2025 жылы осы латын алфавиті

Қазақстанда жергілікті қолданылуы керек.

Қорта айтқанда: Осы жаңа алфавит үлгісі мүмкін қазақ тіліміздің статусын көтеруге бір септігін тигізеді. Қазақстанның ана тілі ол қазақ тілі осы тілімізді көркендетіп биік шыңға көтеру ол өзіміздің қолымызда. Сол үшін егер біз қазақ болып қазақ жерінде еркін өмір сүріп жүрсек өз ана тіліміздіде өлтірмеуге тырысайық.

Е.М. Краснобородкина

КММ «Индустрия – технология колледжі»

Ғылыми жетекші: А.Б. Жакпекова қазақ тілі және әдебиет мұғалімі

КАК ВЫУЧИТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ДОМАШНИХ УСЛОВИЯХ?

Изучить казахский язык хотят по разным причинам. Кто-то недавно переехал в Казахстан и хочет избавиться от языкового барьера. Кому-то неудобно не знать родную речь. На посещение репетитора и обучающих курсов многим не хватает времени. Поэтому сегодня мы расскажем, как выучить казахский язык в домашних условиях.

Казахский язык с нуля

Методика обучения казахскому языку в целом не отличается от изучения языков других народов. Для начала необходимо создать базу, которая сделает дальнейшую учебу эффективнее.

Как выучить казахский язык дома

Итак, имеем набор сервисов. Давайте поговорим о том, как применять их на практике. Для быстрого изучения казахского языка в домашних условиях есть несколько действенных методик. С чего начинать?

Первые уроки казахского языка посвятите освоению букв и звуков, чтобы в дальнейшем не путаться в произношении и написании слов. Это основа, а, как известно, без прочного фундамента дом не построить.

К счастью, алфавит казахского языка, кроме привычных 33 букв кириллицы, содержит только 9 уникальных звуков: ә, і, ө, ү, ұ, ң, ғ, қ, һ. Поэтому первые шаги в обучении не покажутся сложными.

Освоив специфические буквы, купите казахский словарь. Выпишите слова, в которых присутствуют эти звуки, и поработайте над ними. Отточив произношение, переходите к увеличению словарного запаса.

Чем шире лексикон, тем лучше понимаешь собеседника и тем проще строить предложения. Выучить казахские слова можно со словарем или с помощью онлайн-сервисов, инструментов, которые мы упоминали выше.

Изучаем казахский язык: грамматика

Ни одну речь невозможно освоить в совершенстве, не зная грамматики. Казахский язык не исключение: правил написания и построения предложений в нем довольно много. Например, тут нет местоимений, обозначающих род. Привычные «он» и «она» заменяются на «ол».

Поэтому многим казахам сложно освоить окончания слов в русском языке. Все правила грамматики можно выучить дома, изучая и перечитывая тексты на казахском языке, однако это займет немало времени.

Если хотите быстрее разобраться во всех тонкостях, запишитесь на курсы казахского языка. Специалист объяснит и покажет на примерах все правила грамматики. Если что-то непонятно, всегда можно переспросить.

6 советов, как быстро освоить казахский

1. Как заставить себя начать обучение? Казахский язык для начинающих может показаться сложным, потому что люди ставят себе невыполнимые задачи – выучить 200 слов за день или освоить грамматику за неделю. Видя перед собой такой объем работы, легко поддаться лени. В итоге обучение так и не начнется. Исправить положение поможет японская техника «Кайдзен». Она подразумевает занятие любым делом в течение одной минуты каждый день. За 60 секунд многого не сделать. Но это только первый шаг, который приведет к совершенному владению казахским языком.

2. Если одни не могут начать заниматься, то другие, напротив, нагружают себя слишком сильно. Увеличивайте нагрузку постепенно.

Главное в казахском для начинающих – это регулярность занятий. Достаточно 30 минут обучения каждый день, чтобы достичь впечатляющих результатов. При таком подходе еще останется время на домашние дела.

3. Слушайте. Если живете в Казахстане, прислушивайтесь, как строят свою речь окружающие, и старайтесь запоминать. В жизни говорят не так, как пишут в учебниках, поэтому лучше сразу практиковаться, разговаривая на «человеческом» языке.

А. Нұрсағатова, Ш. Таңатқызы

Семей қаласы, КММ «№47 жалпы орта білім беретін мектеп»

В связи с этим 2018 года будет доступен «Личный кабинет» пациента, через который можно будет получить информацию о медицинских услугах [1]. Кроме того, все медицинские организации будут обеспечены информационными системами, а с 1 января 2019 года они перейдут на безбумажный формат работы. К 2020 году планируется охватить все население электронными паспортами здоровья. В настоящее время ведется разработка ряда мобильных приложений, которые призваны поднять качество медицинских услуг, обеспечивая постоянную связь пациента и врача [4]. Я будущая медсестра, хочу вам рассказать о существующем мобильном приложении, которое предназначено для сестринского обслуживания матери и ребенка, эта система позволит обеспечить предоставление полного спектра услуг посещения на дому, а также улучшит координацию между системами здравоохранения, образования и социальной защиты.

Эта новая реальность выдвигает новый уровень требований к подготовке специалистов медиков среднего звена. В связи с этим в нашем государственном медицинском колледже имени Д.Калматаева функционирует студенческий научный кружок “I’m medical engineer”. Наш кружок, создан преподавателями “дисциплины“ – информационно-технической профессиональной деятельности с целью разработок базирующихся на данных многолетних исследований в сфере медицинской информатики и кибернетики. В рамках кружка наши преподаватели ведут разработки методов систематизации, подходов к обучению средних медицинских работников, по информационным технологиям в сфере образовательной медицины.

Конечно, Казахстан столкнется с большими трудностями в процессе внедрения новых инноваций в систему здравоохранения. Но, наша страна уже добилась успеха – первой среди стран СНГ, осуществила переход на комплексную информатизацию системы здравоохранения. И этот путь откроет большие перспективы для Казахстана и нас будущего медицинского персонала.

Литература

1. <http://www.rcrz.kz/100/p89.pdf>
2. Т.В. Турбина / «О перспективах развития ИТ-образования врачей»/ Проблемы информатизации здравоохранения на современном этапе/ Врач и информационные технологии/ 2008 год/№5/стр 67-70
3. <http://profit.kz/articles/7178/Almaz-Sharman-HealthCity-IT-v-medicine-eto-sozidatelnoe-razrushenie/>
4. <http://www.iak.kz/ru/press-center-news/news/medicine-innovation/>

Е.Қ. Садвакасов

«№ 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: Д.М. Салимбаева, информатика пәнінің мұғалімі

«ANDROID» ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бұл жұмыстың мақсаты адамдарға арналған Android операциялық жүйесіне арнап қосымша құру арқылы оның тиімділігін көрсету болып табылады. Android SDK құрылғысы қосымшаның өзінде жүзеге асырылатын болады. *Android SDK* – Android операциялық жүйесі үшін қосымшаларды жасау ортасы. Бағдарлама виртуалды машинада Java (Dalvik Virtual Machine) орындалады [1].

Бұл мақсатқа жету үшін келесі тапсырмаларды орындадым: Android ОЖ-не арналған қосымшаны әзірлеудің ерекшеліктері мен құрал-жабдықтарын, оның архитектурасын зерттеу; қолданушының интерфейсін жасау; жасалған қосымшаны тестілеуден өткізу;

Android негізінде бірегей, өзгеше операциялық жүйе. Жақсы нәтижеге жету үшін бағдарлама әзірлеуші операциялық жүйенің өзектілігін және өзгешілігін білуі қажет. Бағдарлама әзірлеу кезінде бірнеше қиындықтарды ескеру қажет [2]. Оларға тоқталып өтейік: бағдарламаны қондыру кезінде, бағдарлама екі есе немесе төрт есе орын алады, яғни ол бағдарламаның түпнұсқалық орны қажет етеді; орнатылған флеш-картамен жұмыс істеу кезінде файлдың жылдамдығы он есе төмендейді, егер бос орын аз болса; әр процесс кезінде жедел жадтан 16Мб (кейде 24 Мб) қолданылады [3].

Қосымша құру арқылы «Android» операциялық жүйесінің тиімділігін көрсетуге болады. Мысал ретінде, «**Айша – Пицца**» пиццериясын тақырыпқа алдық. «Айша Пицца» пиццериясына арналған бағдарлама қолданушыларға өте тиімді әрі қолайлы қосымша болу үшін жасалынды. Бұл бағдарлама төмендегідей мүмкіншіліктерге ие: әр қолданушыға қосымшаны онлайн түрде ешбір тіркелусіз пайдалануға мүмкіндік береді және бастапқы беттен мәзір бөліміне өтіп барлық тағамдардың тізімі мен бағасын сонымен қатар құрамын көре алу мүмкіндігін береді; тағамдарды өзінің қалауы бойынша тапсырыстар қатарына қоса алады; бастапқы бетке өтіп, менің тапсырысым деген бөлімге өтіп тапсырысын қайта қарап шығып, оны қалауынша жоя алады; және онлайн түрде брондау бөліміне кіріп администраторға тікелей тапсырыс бере алады; брондау бөліміне өткеннен кейін, тапсырыс қағазын толтыра алады, яғни аты- жөнін толықтай, адам санына қай күнге, қай уақытқа тапсырыс беретінін жазып толтыра алады; сонымен қатар пиццерияның қай жерде орналасқанын көре алу мүмкіншілігі бар; пиццерия галереясына кіріп біздің суреттерімізді қарай алады; сұрақтары болса, администраторға хабарласа алады; «Айша Пицца» пиццериясы көңілдерінен шықса достарымен бөлісе алу мүмкіншілігін береді.

Қосымшаның құрылымы



Әдебиеттер

1. Голощапов А. Google Android программирование для мобильных устройств. Санкт-Петербург 2011. – 438 с.
2. Соснов А. Основы проектирование информационных систем. – М.: ДМК Пресс, 2002. – 1020 с.
3. Ибраева Л.К., Сатимова Е.Г. Проектирование баз данных. МУ к выполнению лабораторных работ. – Алматы: АИЭС, 2004

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІТ КЕЛЕШЕГІ

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. БҰҰ-ның шешімімен “XXI ғасыр ақпараттандыру ғасыры” деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Ақпараттық технологиялардың тиімділігі:

- Қашықтықтан білім алу мүмкінділігінің туындауы;
- Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкінділігі;
- Экономикалық тиімділігі (бару, келу, тұрмыс тауқыметі т.с.с материалдық шығынды қажет етпеу);
- Тіл сабақтарын игеруге (ағылшын, орыс, қазақ т.с.с тілдерді) айқын басымдылық сезіледі;
- Іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуге (би өнеріне, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т.с.с);
- Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктер болмайтын табиғаттың таңғажайып үрдістері мен әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірбие нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де, ықпалы зор (теледидардағы ғылыми-көпшілік, рухани, тарихи танымдық хабарлар мен компьютерлік жүйедегі шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т.с.с логикалық ойындар).

Еліміздегі интернет 1994 жылғы 19 қыркүйектен бастау алады. Интернеттің адрестік кеңестік әкімшілігі kz. домендік атауын табыстаған сәттен бері бүгінгі күнге дейінгі 24 жылда көптеген жетістіктерге жетті. 2014 жылғы 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша kz. доменінде – 115 мың атау, .kaz доменінде – 1800 атау тіркелген, хостинг қызметтерін 25-тен астам провайдерлер көрсетеді. Қазіргі таңда Интернет желісін пайдаланушылар саны 9,9 млн адамды құрап 1,8% пайызға өсті.

Соңғы кезде дамып келе жатқан тың технологиялардың бірі “бұлтты технология”. Ағылшынша “Cloud technology” немесе “Cloud computing”. Қазақстанның ақпараттық технологиялар саласындағы үлкен жетістіктері әлемдік деңгейде де атап өтілуде. Соңғы екі жылдың ішінде Қазақстан халықаралық рейтингте ІТ технологиялардың даму индексі бойынша 52 орындамыз. Халық игілігі үшін “Электрондық үкімет”, интернет банкінг және сандық қолтаңба сынды ірі жобалар іске асырылуда. Egov порталы 2016 жылы 10 жылдығын атап өтті Қазір «Электронды үкімет» порталы интерактивті түрде 100 аса қызмет пен 2 мыңнан астам ақпараттық қызмет түрін ұсына алады. «Болашақ» бағдарламасы 1993 жылдан бастап жұмыс жасай бастады. Қаншама жастар осы бағдарламаның арқасында алыс – жақын шет елдерден білім алды. Қазіргі кезде жоғары рейтингқа ие ІТ – мамандарды дайындап шығарды. Осы мамандар Қазақстанда ақпараттық технологияның дамуына өз үлестерін қосуда.

Елімізде “Цифрлық Қазақстан” бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Жоба 2022 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Цифрлық технологияны қолдану, цифрлық экономиканы құру халықтық өмір сүру сапасын жақсартпақ. Бағдарлама 5 бағыттан, 17 міндеттен тұрады.

Тағы бір жобаларымыздың бірі электрондық гид елорда қонақтары үшін отандық туризмді дамыту саласында үздік ІТ- жұмысы болды. Астана қаласы туралы үш тілдегі ақпарат, атап айтқанда, қаланың көрінісі, картасы, қонақ үйлер, мейрамханалар, сауда ойын-сауық кешендері туралы ақпараттар, такси қызметі, басқа да қала қонақтарына пайдалы мәліметтер бар. Мұндай терминалдар туризм инфрақұрылымдары дамыған көптеген елдерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі сәтте интерактивтік дүңгіршектер тек Астаналық әуежай мен “Raddison” қонақ үйінде қойылған. Таяу уақытта электронды гидтерді қаланың басқа да кеңінен танымал туристік орындарына орнату жоспарлануда. Соңғы технологияларға Shamtauak – ты жатқызуға болады. Ол адамдарды жолдан өткен кезде оларды автоавариядан сақтандыру үшін арналған жылтыр қабаптет қапталған таяқша. Ecosocket- электр құралын зарядтауға арналған адаптер. Бұған Wi-fi және электр тоғын реттеп отыруға арналған датчик орнатылған. Инновациялық литий-ионды күкірт батареялары кәдімгі батареяларға қарағанда 10 есе күшті және табиғатты ластамайды. Қазақстанның ІТ технологиялары өте қарқынды дамуда.

М. Сейтжапарова

«№ 27 ЖОББМ» КММ, Семей қаласы

Ғылыми жетекшілері: Ж.К. Байғалиева, А.А. Елемесова, информатика пәнінің мұғалімдері

ИНФОГРАФИКА – БЕЙНЕЛЕНГЕН АҚПАРАТ

Инфографика – деректерді, тың идеяларды немесе ақпаратты визуалды бейнелер арқылы қабылдауға мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Инфографиканың негізгі міндеті – ақпарат беру. Дизайн – тек ақпаратты жеткізу құралы.

Инфографиканың мақсаты: ақпаратты қабылдау үрдісін жетілдіру, күрделі ақпаратты қарапайым және түсінікті бейнелер арқылы түсіндіру, сондай-ақ жай мәтінді ықшамдап әрі қызықты хабарлама ретінде ұсыну.

Ақпараттық технологиялар дамыған сайын адам ақпаратты тез жинай алады және оны графикалық түрде көрсете алады, оның 90%-ын қабылдайды және есіне сақтайды, ақпарат визуалды қабылдауға негізделген.

Инфографика үнемі жетілдірілуде. Бірнеше жыл бұрын біз тек баспа және статикалық инфографиканы ғана көрдік. Қазір ғаламтор инфографиканың адамға әсер ету технологиясын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Инфографиканы статикалық ғана емес, сонымен қатар анимациялық және интерактивті бөле бастады.

Анимацияланған инфографика – анимациялық графикадағы ақпаратты сапалы баяндау. Әдетте иллюстрация, деректер визуализациясы және динамикалық мәтін бірге пайдаланылады.

Интерактивті инфографика – онлайн режимде сіздің деректеріңізді ғаламтор желісінде жинауға және өзгертуге мүмкіндік беретін графикалық ақпарат.

Инфографика қайда қолданылады? Инфографика – жаңа өнертабыс емес, бұл қазіргі заманғы коммуникацияға зор ықпалын тигізе алатын қызықты құрал. Қолдану аясы барынша кең. Ол әртүрлі салаларда белсенді қолданылады: ғылым және білім, медицина, журналистика, жарнама және т.б.

Инфографика түрлері:

- Аналитикалық – статистикалық және цифрлық көрсеткіштер беріледі;
- Жаңалықтық – жаңалық материалдарын көрнекі түсіндіруді қамтиды (жаңа және ескі, хронология, талдаулар мен олардың салдарын салыстыру)
- Қайта құру – процесті немесе оқиғаны хронологиялық қайта құруды қамтиды;
- Презентация – қандай да бір жарнаманың презентациясын инфографика түрінде жасайды.

Инфографика дәрежелері:


- Сандық – барлық сандық деректер графиктер, диаграммалар түрінде ұсынылған;
- Кеңейтілген – мақалада көрсетілген кез-келген жайт инфографикада бейнеленеді және сипаттамалардың (түсіндірмелердің) қысқаша ерекшеліктері береді;
- Егжей-тегжейлі – инфографика қадамдық нұсқауларды, әрекеттер жоспарын немесе процестің сипаттамасын графикалық түрде беріледі.

Инфографика заманауи рәсімделген дизайнмен ерекшеленеді және оны Adobe Photoshop, Corel Draw немесе басқа да кәсіби-бағдарламаларды пайдалана отырып дизайнер ғана жасай алатын сияқты жоқ, инфографиканы өзіңіз жасауға мүмкіндік беретін көптеген қызметтік программалар бар. Инфографика жасауға арналған онлайн-қызметтер: Piktochart.com, Easel.ly, Creately.com, Infogr.am.

Инфографиканы өзіңіз жасау үшін *үш әдісті қолдану* қажет:

- Интернеттің шетелдік сегментінен дайын инфографиканы алып, оны орыс тіліне аудару, қажетті тақырыпқа бейімдеу және деректеріңізді ұсыну;
- Инфографика жасау немесе дайын үлгісін алу үшін онлайн қызметтердің бірін пайдалану;
- Өзіңіздің инфографикаңызды басынан бастап жасау.

Бүгінгі таңда адам күнделікті өзіне әр түрлі әсер ететін



ақпараттың үлкен ауқымымен кезігеді. Инфографика арқылы ұсынылған деректер көне, адамның визуалды бейнелерді қабылдауына толық сәйкес келеді, сондықтан инфографика ақпарат берудің тиімді жүйесі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Мақала «10 советов по созданию качественной инфографики» CMS Magazine сайтында
2. Пример новостной инфографики мақаласы РИА сайтында
3. <http://infographicsmag.ru> «Инфографика» журналының ресми сайты

Д.Т. Насыров

«Индустрия – технология колледжі» Семей қаласы
Ғылыми жетекшісі: А.Б. Толеукасымова, информатика пәнінің оқытушысы.

БОЛАШАҚ ГРАФИКАСЫ

Ғылым мен техниканың дамуы, біздің өміріміздегі атқарылып жатқан жұмыстарымызды әлдеқайда жеңілдетті. Әсіресе, заман талабына сай тұрғызылып жатқан құрылыс саласы, зәулім үйлер, көз тартар ғимараттар салынуына байланысты архитектураның даму бағыты да сан өзгеріп келеді. Асқан шеберлікті қажет ететін сәулет өнері арнайы бағдарламалардың көмегімен оңай және жылдам түрде сызылып, бой көтеруде. Менің бүгінгі жобамның тақырыбы да осы сәулет өнерінде 3D модельдеуді жүзеге асыратын SketchUp бағдарламасының мүмкіншіліктерін зерттеу, мүмкіндігінше бағдарламаны өз тәжірибемде қолданып көру.

Менің қызығушылығымды арттырған бұл бағдарлама кез келген қолданушының пайдалануында өзінің интерфейсінің жеңіл, әрі түсініктілігімен танымал болды. SketchUp бағдарламасы үш өлшемді компьютерлік графика немесе 3d графикаға (3 Dimensional-3 өлшемді) арналған программалардың тобына жатады және шын мәнді өмірдегі немесе ойдан құрастырылған әлемдегі фотографикалық сипат және сапамен көрінетін, сондай-ақ анимация деп аталатын объектілердің қимыл әрекетін көрсететін көріністерді имитациялайтын бөлек-бөлек кескіндерді синтездеуге арналған. Негізінде, бұл үш өлшемді модельдеу және анимация бағдарламасы дүние жүзіндегі үйдегі қолданушылар мен кәсіпкерлердің киноиндустрия мамандарының арасында үлкен сұранысқа ие болды. Авторларының идеялары, практикада керемет іске асырылады. Сәулетшілік ішкі көріністерді және фасадтарды модельдеу, кейіпкерді анимациялау, Internet- ке арналған шындыққа негізделген фотолық 3D сахналар, физикалық процесстерді визуализациялау – бұлар бағдарлама мүмкіндіктерінің бірі ғана. Сонымен қатар, сіздің пәтеріңізде жиһазды қалай үйлесімді етіп орналастырып қоюды көрсетуге, құттықтауға арналған роликтер құруға, курстық немесе дипломдық проекттер жасауға, бүкіл интернет-сервердің коммерциялық орындауларын немесе ірі компанияның жарнамалық видеобейнесін жасауға болады. Масштабталуы және пакеттің модульдік құрылымына байланысты, 3D- ді өздігінен үйренуші бірнеше сағаттық жұмыстан кейін жақсы нәтижеге жетуіне болады.

SketchUp пакетінің даму тарихы. Бұл бағдарлама қарапайым үш өлшемді модельдерді жасауға арналған бағдарлама. Осы бағдарламаны тауып шығарған американдық @Last Software компаниясы болып келеді. 1999 жылдан бастап 2006 жылға дейін осы компания бағдарламаның бес түрлі нұсқаларын шығарды. Содан кейін 2006 жылы SketchUp бағдарламасын Google корпорациясы сатып алды. Сөйтіп 2007 жылы осы бағдарлама жаңа түрінде жаңа Google SketchUp атымен шығарылды. Google компаниясы бағдарламаның жаңа, тұңғыш 7 нұсқасын шығарды. Ал 2010 жылдың қыркүйек айында қазір қолданып жатқан түрінің тұңғыш 8 нұсқасын жарыққа шығарды.

Қазіргі уақытта бағдарлама екі нұсқада көрсетілген – кәсіби Google SketchUp Pro (оның ішіндегі базасында материалдар мен кітаптар болады) және тегін нұсқасы Google SketchUp бар. SketchUp Make бағдарламасының бір неше нұсқалары бар. Тегін Google SketchUp нұсқаларында файлдардың импорт, экспорт жасауға мүмкіншіліктері шектеулі. Мысалы: көп таралған CAD конструкторлы форматтарына импорт немесе экспорт жасауға мүмкіншілік жоқ. Ал ондай форматтар SketchUp Pro, SketchUp Make де жақсы дамыған.

Әрбір бағдарламаның өзінің артықшылығы мен бірге кемшіліктері де қатар жүреді. Google SketchUp бағдарламасының кемшілігіне келесілерді жатқыза аламыз:

- 3d модельдердің көптігіне байланысты бағдарлама қатып қалады немесе істен шығады;
- Объектіге түс беру кезінде, нүктелі түрде бояумен жұмыс істеу қабілеті жоқ;
- анимациялардың қозғалуын толыққанды қамтамасыз ете алмайды.

Бұл кемшіліктерді SketchUp құрастырушылары қазіргі таңда жоюды ұйымдастырып, қызмет етуде.

Қорыта келгенде Google SketchUp бағдарламасының мүмкіндіктерін 3D модельдеуде қолдануды жүзеге асырып, бағдарламаның артықшылықтары мен кемшіліктері айқындалды. Бұл бағдарлама қарапайым болса да түрлі архитектуралық мүмкіндіктерді атқаратынын өз жобамды орындау барысында көрдім.

СЕКЦИЯ № 6: ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

СЕКЦИЯ: ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ

А. Жұманов

Абай ауданы, М.Әуезов атындағы орта мектеп
Ғылыми жетекшісі: Л.Ш.Мухатова, физика пәнінің мұғалімі

КҮН. КҮНДЕГІ ТЕРМОЯДРОЛЫҚ ЭНЕРГИЯ

Күн – тіршілік көзі. Ол болмаса, тіршілік болуы мүмкін емес. Күннің жасы – бес миллиард жыл. Күннің жерден қашықтығы 149 млн.км. Орташа радиусы – 696 мың км. Жерден радиусынан 109 есе үлкен. Массасы – $2 \cdot 10^{30}$ кг, Жердің массасынан 333 000 есе көп. 90% -ы сутегі, 9,9%-ы гелий қалған бөлігі басқа элементтер. Күннің орташа температурасы $8 \cdot 10^6$ К-ге жақын, ал Күн бетінде 6000 К-ге тең. Күнде әрбір секунд сайын $6 \cdot 10^{23}$ кг сутегі гелиге айналып отырады. Күннің орташа тығыздығы $1,41 \cdot 10^3$ кг/м³. Күннің бетіндегі ауырлық күшінің үдеуі 27 998 м/с². Масса ақауы $4 \cdot 10^3$ кг құрайды, оны Эйнштейн теңдеуімен есептесек, $4 \cdot 10^{20}$ Дж энергия бөлініп шығады екен. Негізгі бөлініп шығатын энергия электромагниттік сәуле түрінде ультракүлгін сәуледен басталып, инфрақызыл сәуле аралығында таралады. Ол тағы да 10 млрд. (10^{10}) жыл тұрақты түрде энергия беріп тұра алады екен.

Жер атмосферасының беткі қабатына, күн радиациясының миллионнан бір бөлігінің жартысы ғана түседі, оның 40% -ы кері ғарыш кеңістігіне шағылады, ал қалған 60%-ы атмосферада шағыла отырып, жер бетіне келіп жетеді. Жер бетіндегі күн энергиясының қуаты 400-1000 Вт/м² болса, ғарышта (Жер орбитасында) 1,353 кВт/м² – қа жетеді. Жер бетіне түсетін күн энергиясының шамасы $58 \cdot 10^{16}$ кВт-сағатқа тең. Кестеде 1 м² жерге түсетін Күн энергиясы ккал – мен көрсетілген:

| Бақылау орындары | Айлар | | | | | | | | | | | |
|------------------|-------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| Ташкент | 762 | 792 | 792 | 792 | 774 | 774 | 768 | 756 | 756 | 732 | 750 | 750 |
| Самарканд | 804 | 822 | 852 | 804 | 786 | 768 | 768 | 780 | 762 | 768 | 792 | 798 |
| Алматы | 738 | 732 | 774 | 780 | 762 | 768 | 744 | 732 | 720 | 744 | 732 | 714 |
| Тбилиси | 720 | 810 | 804 | 780 | 774 | 786 | 750 | 744 | 744 | 792 | 768 | 732 |
| Ашхабад | 774 | 774 | 780 | 762 | 708 | 708 | 702 | 708 | 720 | 738 | 726 | 744 |

Күннің бетінен әрбір минут сайын $5,3 \cdot 10^{27}$ калория жылу бөлініп, ал әрбір секунд сайын $4 \cdot 10^{26}$ Дж энергия бөлініп шығады екен. Жер бетіне тек қана оның $1/2 \cdot 10^9$ бөлігі жетеді. Жер Күннен жылына 10^{24} калория энергия алады, бұл жылу энергия бүкіл Жер қойнауындағы ядролық энергия қорынан 7 есе көп деген сөз. Күннің бетінен бөлініп шыққан энергия жер бетіне жеткенше космостық денелерге, атмосфералық қабаттардағы шаң-тозандарға, су буларына, көмірқышқыл газдарына, оттегіне, түтінге кездесіп, 14%-ы сонда жұтылады, 44%-ы жерге түседі екен. Ал қалған 42%-ы кері шағылады.

Күн радиациясы Жер бетіне екі түрлі жолмен жетеді екен:

1. Тік түскен күн радиациясы.
2. Шашырап түскен күн радиациясы.

Күннің көрініп тұрған дискісінен түскен күн сәулесінің энергиясын – тік түскен күн радиациясы деп атаймыз. Күннің радиациясы негізінде 0,29 мкм-ден 4 мкм ге дейінгі толқын ұзындығы аралығында болады.

Баяндамамды қорытындылай келе Қазақстанның климаттық жағдайы күн энергиясын пайдалануға қолайлы болып табылады. Күннің энергиясы табиғи энергия көзі. Жыл сайын күннің түсу ұзақтығы 2200-3000 сағат болса, күн энергиясының көлденең жазықтыққа түсірген қуаты 1280-1869 кВт сағ/м² екен. Мұнай, табиғи газ және де көмірді пайдаланатын дәстүрлі энергия көздері жанған кезде атмосфераға көмірқышқыл газын бөліп шығарады. Соның нәтижесінде ол парник газдарының эффектін және ғаламдық жылынуды тудырады. Ал, күн энергиясын пайдалану арқасында бұл кемшіліктерден құтыламыз. Тасымалдау шығыны жоқ, осы энергия түрі энергия көздеріне бағыныштылықты да жояды. Күнді аз немесе көп көретін аймақтарда өнімнің әртүрлі болады, таулардың шыңы мен сайларда осы

энергиядан пайдалану мүмкін. Сонымен қатар үнемділігі және экологияға қауіпсіздігі. Газ, тұман, шаң, көміртегі немесе күкірт сияқты зиянды заттар құрамында жоқ. Барша әлемнің қолданысына ашық энергия көзі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Балалар Энциклопедиясы”, V-том
2. Н. Көбенқұлұлы, Қ. Бақтыбаев, Ә. Әбілдаев Физика әлемі пәндік энциклопедия

А.С. Айтмуханбет

«М.Әуезов атындағы орта мектебі»КММ, Абай ауданы, ШҚО.

Ғылыми жетекшісі: Д.К. Мажиева, бірінші санатты математика пәнінің мұғалімі

ҒАЖАЙЫП СӘЙКЕСТІКТЕР МЕН СИҚЫРЛЫ САНДАР СЫРЫ

Өмірде адам миына қонбайтын неше түрлі таңғажайып сәйкестіктер кездеседі. Кейде оны материалистік тұрғыда түсіндіруге талпыныс білдіргенімен, ұғындыруға болмайтын өлшемнің алдында бәрібір дәрменсіз. Ал діни философиялық тұрғыдан алсақ, бұл өмірде ешқандай кездейсоқтық деген болмайды. Сондай-ақ әлемнің барлық халқы сандарға үлкен мағына, өзіндік мән берген. Оқымыстылар Санды – құдайлық тәртіп, ғарыштық үйлесімді түсінудің құпия кілті, өмірдің кез-келген формасы нақты бір өлшемді, Санды білдіреді деп біледі. Яғни **Сан – оқылмайтын сөз**. Сан – ешкім көрмейтін толқын мен жарық, ешкім естімейтін ырғақ пен әуен. Ендеше, ғажайып сәйкестіктер мен құпия сандар жөнінде аңызға бергісіз ақиқаттарды алға тартып көрелік.

Ажал да әзілдеседі. Әлемдегі бізге белгілі сәйкестіктердің ең сұмдығы XVII ғасырда Жапонияда болған. Ата-анасы бойжеткен қызына кимоно сыйлайды. Қызы оны 4 күннен соң болатын туған күнінде тұңғыш рет киетін болып, кенеттен келген кеселден қайтыс болады. Кимоно онан кейінгі қызға мұраға қалады. Олда кимононы киюге 4 күн қалғанда найзағай соғып өлтіреді. Үшінші кенже қызы да кимононы киіп үлгертпей, құтырған түлкі қауып өлтіреді. Осыдан кейін ата-анасы будда дінбасына жүгінеді. Ол кимонода қарғыс барын айтып, өртеуге кеңес береді, ерлі-зайыптылар мұны құп көреді. Бірақ кенеттен жалын атқан қатты дауыл тұрып, айналаның бәріне от ұшқындары шашырайды. Міне, 1657 жылы Токиода 300 храм, 500 сарай, 61 көпір, 9 мың дүңгіршек пен 10 мыңнан аса адам өмірін жалмаған сұрапыл өрт осылайша басталған.

Жер бетінде ғажайып сәйкестіктер өте көп. Әлемдік тарихты былай қойғанда, ғажайып сәйкестіктер іздеген жанға қазақ арасында да жетеді. Мәселен, сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болғаннан кейін 40 күннен соң Абайдың, онан кейін араға тағы тұп тура 40 салып, Ақылбайдың қайтыс болуын қалайша хикмет емес дейсіз? Ал мынаған не дейсіз. Желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұлбековтың 21 жасында тұтқынға түсіп, 21 күн сот алдында жауап беріп, Семей түрмесіндегі 21-камерада 21 мамыр күні (1988) дүниеден өтіп, 21 ақпанда (1992) ақталғанын немен түсіндіруге болады?

«Қырықтың бесеуінде, ұйықтап кетсем болғаны төсегімде» деп жырлаған Мұқағалиды қайда қоямыз? Сол М.Мақатаев көз жұмарынан біраз бұрын Аян Нысаналинге кітабын сыйлағанда соңына тура өлген күнінің датасын қойып, қолтаңба жазып беріпті. Жалпы санға байланысты құпияларды айтып тауысу қиын. Не десек те, жоғарыдағы жаңағы сәйкестіктерді толық әрі дәл түсіну еш мүмкін емес. Бірақ осыған қарап, жаратушының жаратқан нәрселерінің бәрі белгілі бір өлшем, мөлшермен реттеліп, арнайы есеппен жүйеленгенін, таңғажайып бағдарламамен қамтылғанын байқаймыз.

Араб цифрларының сыры. 0 1 2 3 4 5 6 7 8 9 Араб цифрлары қайдан шыққан, шықса да – неге дәл қазіргі күйге түскен? Неге бір – ноль сияқты емес, неге тоғыз – бір сияқты емес? Сүйтсек, сыры бұрыштар санында екен: (суреттер) Негізінен көп кездесетін сандар: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 30, 40, 100, 1000 және олардың еселіктер. Осылардың ішіндегі алғашқы он санның әрқайсысының өзіндік сырлары мен маңызы бар, ал солардың ішіндегі ең жиі кездесетін сан – 7. Себебі жеті саны жердің саны болып табылады. Аптада 7 күн бар, аспан мен жер 7 қабаттан тұрады. Жердің жүзін мекендеген халықтардың көбісі ерте кезден-ақ жеті санында Сиқырлық күш бар деп санаған, оны киелі, қасиетті деп ұғатын да ұлттар бар.

Тағы бір қызық сандар-палиндромдар мен репьюниттер. Симметриялық сөздер деп сол және оң жағынан бірдей оқылатын сөздерді білеміз. Мұндай сөздер палиндромдар деп аталады. Палиндром – грек тіліндегі «palindromos» – «кері жүруші немесе артқа жүгіру», яғни екі бағытта бірдей оқылып, мағына беретін сөз не мәтін, сан. Айталық, қазақ тілінде «қазақ», «керек», «тағат», «кебек», «қабақ» – сөз болса, ал сандардың тіпті шегі жоқ: 565, 505, 23732, т.с.с. Әлемде қолданылатын ең ұзын палиндром сөзі- Орыс тіліндегі әзірге табылған ең ұзақ палиндром сөз – «наворован» болса, фин тілінде: «saipruakauprias» – «сабын сатушысы». Қазіргі өмір сүріп жатқан ұрпаққа бір емес екі палиндром жылда өмір сүру сәті бұйырды: 1991 жыл және 2002 жыл. Себебі өтіп кеткен палиндром жыл 1881 жыл, әрине бұл жылы біздің ата-бабаларымыз өмір сүрді, ал болашақ палиндром жыл – 2112 жыл, бұл жылы біздің ұрпақтарымыз өмір сүреді. **Репьюниттер** – тек қана бірліктерден яғни 1 цифрынан тұратын сандар. Сөз соңында Шәкәрім атамыздың сандар туралы жұмбағымен аяқтағым келіп тұр. (Шәкәрім, Қазақ айнасы, 176 бет 2-жұмбақ)

Әдебиеттер

1. С.Кенжеахметұлы «Жеті қазына»
2. «Математика және физика» ғылыми-әдістемелік журнал, № 4, 2005 жыл
3. Шәкәрім «Қазақ айнасы» Алматы, Атамұра, 2003 жыл
4. "Математикалық ойашар", "Қазақ энциклопедиясы" Алматы, 2009

А. Кеңесова

Абай ауданы, «М.Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме
Ғылыми жетекшісі: М.Г. Мейрамбекқызы. Жоғары бірінші санатты физика пәнінің мұғалімі

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ТҮСІНДІРІЛУІ

Физиканың қызықты да қызғылықты жақтары көп. Физика – адамның табиғат заңдарын танып білуге деген табиғат ұмтылысын түсіндіретін табиғат жайлы ғылым. Ал әдебиет сол пайда болған құбылыстарды әсерлеп, суреттеп жеткізеді. Шәкәрім Құдайбердіұлының кез-келген өлеңдер шумағын алып, оның әрбір сөйлемінің әр сөзін талдасақ, олардың сыры физикалық тұрғыдан ашылмақ. Осы орайда мен көп жылдар бойы ескерусіз қалған Шәкәрім атамыздың өлеңдері бойынша өлеңнің физикалық тұрғысынан шешімін табуға тырыстым.

Жалпы алғанда нәрсенің бәрін екіге бөліп қарастырамыз: табиғи нәрсе және жасанды нәрсе. Табиғи нәрсенің бар болу белгісі қозғалыс болып табылады. Ал қозғалыс деп кез келген табиғи нәрсенің түрленуін, өзгеруін, орын ауыстыруын айтамыз. Оны Абайдың төл шәкірті, тікелей ізбасары және туыс інісі Шәкәрім дүниетану жайындағы толғаныстық өлеңдерінде қозғалыс және оның әлемтанудағы алатын орны туралы өз ойын «Тау басындағы ой» өлеңінде былай тұжырымдайды:

*Аспандағы ай, жұлдыз бәрі-айланды,
Жалғыз-ақ Теміқазық тапжылмайды-ау.
Күн батып, ай, жұлдыздың айналуы
Шынында дөңгеленген жер жүрісі-ау.*

[Шәкәрім. Шығармалары, Алматы, Жазушы-1988, 199-бет]

Шәкәрім осы өлең жолдарымен жұлдыздардың, планеталардың және басқа аспан денелерінің қозғалысын да, ондағы өзгерістер мен процестерді де бір өлең жолдарына сыйғызған ...

Шәкәрім атаның тағы бір өлеңінен үзінді келтірейін:

*Жаралыс басы- қозғалыс,
Қозғауға керек қолғабыс.
Жан да мейлің бір мән де
Сол қуатпен бол таныс.
Әлемді сол мән жаратқан.*

[Шәкәрім. Шығармалары, Алматы, Жазушы-1988, 230 бет]

Осы өлең шумағындағы: «Жаралыс», «қозғалыс», «қолғабыс», «жан», «мән», «қуат», «әлем» ұғымдарының білімі мағыналарын, олардың қолданыстарын мектепте физика пәнінен дәріс алған кезде

терең түсіне бастадым.Әлемдегі барлық нәрсе мен құбылыс тек қозғалыстан туады және қозғалыстан тұрады деген ғылыми тұжырымдық ой расталды. Бұл білімі ойды Шәкәрім: «Жаралыс басы-қозғалыс» деп анықтаған.Физика пәнінің кинематика және динамика саласы қозғалысты тудыратын және сақтайтын бас себепші ол – күш деп оқытады. Мұны Шәкәрім Құдайбердіұлының тілінде айтсақ қозғалысқа қолғабыс жасаушы басты себепші жанның немесе басқа бір мәннің қуаты болып саналады.Шәкәрім өзінің «Үш анық» атты дүниетанымдық шығармасында: «Нұр дегеніміз жарық» деп анықтаған. «Нұр – жарық» деп анықтағаннан кейін, Шәкәрім, өз ойын былайша өрістетеді: «Нұр Күннен не оттан шықса да, жан –жағының бәріне күлтеленіп шығады. Нұр бір секундта 300 мың шақырым жүреді. Күннің нұры жерге 8 минут 17 секундта келіп жетеді. Күннен де алыс кейбір планета – жұлдыздың нұры жерге 300 жылда жететіні бар деп келтірсе,ал жерлесіміз Шәкәрім Құдайбердіұлы жарықтың таралуы туралы өз ойын мына өлең жолдарымен Тау басындағы ой өлеңінде данышпандықпен жеткізе білген.

*Күннен неге түсіп тұр мұшиа жарық,
Сегіз минут, шерікте жерге барып
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.*

Осы өлең жолдарын физикалық тұрғыдан дәлелдеу үшін мен Рымкеевич есептер жинағындағы №1005 есепке тоқталайын. Есептің берілуі :Жарық күннен жерге дейін қанша уақытта жетеді? .Есептің шарты бойынша уақытты табу үшін күн мен жердің арақашықтығын жарық жылдамдығына бөлеміз яғни, $t=l/c$, мұндағы: $c=3*10^8$ м/с жарық жылдамдығы, Жерден Күнге дейінгі орташа қашықтық $l=1,496*10^{11}$ м. Сан мәндерін формулаға қойып есептеймін.Сонда сегіз минут, жиырма секундта жарықтың күннен жерге түскенін көруге болады.Физиканың заңдары ашылмай тұрып жарық күннен сегіз минут,жиырма секундта түскенін өз заманында ойшыл ақын Шәкәрім өз өлең жолдары арқылы дәлелдеген.

А. Нурмухамбетова

Назарбаев интеллектуальная школа ФМН города Семей

Научный консультант: к.ф-м.н., ст. преп. КазАТУ им. С. Сейфуллина Аниязов А.А.

ПАРАДОКСЫ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ В ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ

Одним из главных принципов демократического государство является возможность выбора последующего политического деятеля, который будет управлять страной, посредством всеобщего выбора. Выборы – оптимальное средство, позволяющее с максимальной вероятностью привести к власти наилучших представителей общества, которые в лучшей степени организуют общество построенного на уважении основных гражданских и личных свобод и прав человека [1].

Выбор избирательной системы является важным шагом для общества и государства, так как последующие политические деятели будут избираться только по этому методу. Поэтому каждая страна при выборе избирательной системы должна четко рассматривать все недостатки и достоинства каждой системы [2].

Целью исследовательской работы является – рассматривая все достоинства и недостатки избирательных систем и их методов, по заранее составленным критериям выбрать топ три самых честных и справедливых избирательных систем для государства. Для достижения цели были поставлены следующие задачи:

- поискать как можно больше информации об избирательных системах и их методах выбора победителя;
- оценить выбранную систему голосования и их методы критериям соответствия справедливости (монотонности, нейтральности, анонимность);
- сделать выводы о достоинствах и недостатках выбранных методов и провести математическую оценку каждого метода;

– выбрать три наиболее справедливых методов и создать автоматизированное программное приложение;

Рассматриваются избирательные системы, такие как, выборы президента стран ЕС, России, Казахстана и США, а также индивидуальные методы определения победителя на выборах. В работе показано, что ни одна избирательная система не является полностью справедливой, при этом приведены теорема Эрроу, Балинского-Янга [4]. К тому же в исследовательской работе замечены, что некоторые из систем голосования, отвечающие критериям справедливости, обладают некоторыми парадоксами с точки зрения математики.

В самом деле парадокс: каждый из кандидатов может считаться победителем, и в то же время ни одного нельзя объявить с полным основанием победителем, т.е. ни один из них не выражает волю избирателей.

Литература

1. Джонатан К.Х, Ричард Э.К. Независимый институт выборов. Москва: МЦМНО. 2007
2. К. Дж. Эрроу. Коллективный выбор и индивидуальные ценности. Москва: ГУ ВШЭ, 2004
3. Arrow K. J., Sen A. K., Suzumura K. Handbook of Social Choice and Welfare, Volume 19, 1st edition. Print: North Holland, 2002. P. 680, pp. 176-226.
4. Ричард Э.Клима, Джонатан К.Ходж. Математика выборов, 2007, М.: 600 с

И. Чегедекова, А. Фергатова

Назарбаев интеллектуальная школа ФМН города Семей

Научный консультант: к.ф-м.н., ст. преп. КазАТУ им. С.Сейфуллина Аниязов А.А.

ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ИНВЕСТИЦИОННОГО ПРОЕКТА

Процесс инвестирования играет важную роль в экономике любой страны. Инвестирование в значительной степени определяет экономический рост предприятия и государства в целом, занятость населения, а также составляет существенный элемент базы, на которой основывается экономическое развитие общества. Поэтому проблема, связанная с эффективным осуществлением инвестирования, заслуживает серьёзного внимания.

Как не ошибиться и не только вернуть вложенные средства, но еще и получить прибыль от инвестиций? Инвестиций это очень протяжной процесс, поэтому при анализе инвестиционных проектов необходимо учитывать:

- привлекательность проектов по сравнению с альтернативными возможностями вложения средств с точки зрения максимизации доходов владельцев предприятия при приемлемой степени риска, т.к. именно эта цель является главной для финансового менеджмента;
- рискованность проекта, т.к. чем длительнее срок окупаемости, тем рискованней проект;
- временную стоимость денег, т.к. с течением времени деньги изменяют свою ценность [4].

Метод дисконтированных денежных потоков – основной инструмент финансовых аналитиков для оценки инвестиционных проектов. В неё входят: 1. Чистая приведенная стоимость (ЧПС), Net present value (NPV), 2. Индекс рентабельности инвестиции (ИРИ), Profitability Index (PI), 3. Внутренняя норма доходности (ВНД), Internal Rate of Return (IRR) [1].

В своем докладе на конференции мы покажем примеры, про исследовав в которых различные варианты и разные проекты придем к некоторым преимуществам и недостаткам внутренней нормы доходности (IRR).

Преимущества:

- возможность сравнения различных инвестиционных проектов между собой по степени привлекательности и эффективности использования капитала. К примеру, сравнение с доходностью по безрисковым активам.
- возможность сравнения различных инвестиционных проектов с разным горизонтом инвестирования.

Недостатки:

- сложности прогнозирования будущих денежных платежей. На размер планируемых платежей влияет множество факторов риска, влияние которые сложно объективно оценить.
- не способность отразить абсолютный размер полученных денежных средств от инвестиции.

За последние 20 лет были разработаны многочисленные альтернативные методы, частично устраняющие недостатки метода ДДП.

Метод дисконтированных денежных потоков дает удовлетворительные результаты, только если дискретные и непрерывные риски находятся на низком уровне. В случае наличия значительных дискретных рисков используется метод дерева решений. При значительной непрерывной неопределенности применяется компьютерное моделирование по методу Монте-Карло. Наконец, при наличии высокого уровня непрерывной неопределенности и значительных дискретных рисков применяется метод реальных опционов [1]. Наша цель изучить остальные три метода оценки инвестиционных проектов.

Литература

1. Лукашов А. В. Метод Монте Карло для финансовых аналитиков: краткий путеводитель. Управление корпоративными финансами, 01(19) 2007, с. 22-39.
2. <http://msfo-dipifr.ru/formula-rascheta-npv-investitsionnogo-proekta-eto-prosto/> [30.01.2017]
3. Красс М.С., Чупрынов Б.П. "Математика в экономике. Математические методы и модели". М., Финансы и статистика, 2007 г
4. Виленский П., Смоляк С., Лившиц В. Оценка эффективности инвестиционных проектов. Теория и практика, Изд: Дело, Академия народного хозяйства, 2008

Г.О. Ғабитова

Мукан Тулебаев атындағы музыкалық училищесі
Ғылыми жетекші: А.А. Қасымжанова, математика пәнінің мұғалімі

ФОРМУЛА МУЗЫКИ

*Музыку я разъял как труп,
Проверив алгеброй гармонию*

От этих слов, вложенных А.С. Пушкиным в уста Сальери, веет мертвящей пропастью между музыкой и математикой. Отравлен Моцарт - живое воплощение музыки, и сама музыка мертва под математическим скальпелем убийцы гения. Разве не отражают эти пушкинские строки мнение большинства людей, что между математикой и музыкой нет, и не может быть ничего общего? Вот поэтому хочу еще раз подтвердить что математика и музыка неразрывно связаны между собой. Между тем именно исследованию музыки посвящали свои работы многие величайшие математики: например крупная работа Леонарда Эйлера - "Диссертация о звуке". Лейбниц в письме Гольдбаху пишет: "Музыка есть скрытое арифметическое упражнение души, не умеющей считать". И.Гольдбах ему отвечает: "Музыка – это проявление скрытой математики".

Почему же скрытой? Ведь в Древней Греции музыка прямо считалась частью математики, а еще точнее, разделом теории чисел. Первым, кто попытался выразить красоту музыки с помощью чисел, был Пифагор.

Тогда получается, что математика и музыка – сёстры? Почему бы в этом не разобраться?

Для начала давайте разберемся, что такое математика. Слово «математика» произошло от древнегреческого, что означает изучение, знание, наука. Значит, основу математики составляют величины, количественные отношения, формулы, которые в свою очередь состоят из чисел.

А теперь давайте разберёмся, что же такое музыка и из чего она состоит:

«МУЗЫКА – искусство стройного и согласного сочетания звуков, как последовательных (мелодия, напев, голос), так и совместных (гармония, созвучие)».

Развитие музыки неотделимо от деятельного развития чувственных способностей человека – ход слухового освоения человеком музыкального материала в изменяющихся культурных условиях составляет наиболее фундаментальный уровень истории музыки.

Но неужели сходство есть только в утверждениях древних философов? Конечно, нет! Сходства можно увидеть в знакомом всем инструменте – фортепьяно. Расположение октав на этом инструменте можно сравнить с координатной прямой. Все мы знаем, что координатная прямая не имеет конца и начала, но имеет точку $O(0)$, которая делит её на равные части, Справа от точки O находятся положительные числа по порядку (1,2, 3, 4), а слева отрицательные в обратном порядке (-1, -2, -3, -4). На фортепьяно примерно так же: оно условно делится на равные части. Справа от середины октавы идут по порядку (1,2,3), а слева в обратном порядке (малая, большая, контроктава, субконтроктава). Между математикой и музыкой существуют многообразные связи. Они сложились исторически благодаря глубокой внутренней необходимости, которую можно объяснить тем, что математика – самая абстрактная из наук, а музыка – наиболее отвлеченный вид искусства. Эту связь не раз подчеркивали и математики, и музыканты. Вот что говорил далекий от математики человек – известный пианист Генрих Нейгауз: «Раздумывая об искусстве и науке, об их взаимных связях и противоречиях, я пришел к выводу, что математика и музыка находятся на крайних полюсах человеческого духа, что этими двумя антиподами ограничивается и определяется вся творческая духовная деятельность человека и что между ними размещается все, что человечество создало в области науки и искусства».

Таким образом, о взаимосвязях математики и музыки можно говорить бесконечно долго, открывая все новые и новые, неожиданные и часто странные, одинаковые определения, понятия и смыслы.

Литература

1. «Язык, музыка, математика», Б. Варга. Ю. Дюмень, Э. Лопариц.
2. Энциклопедический словарь юного математика. – М., 1985.
3. В.П. Ковалев "Математика в музыке".
4. О.Н.Макеева «Математическое представление музыки».
5. А. Устинов «Музыка и математика»
6. Ю.Тюлин «Музыкальная форма»

С.Д. Шалабаева

КМҚК «Электротехника колледжі»

Ғылыми жетекші: А.Б. Саньязова математика пәнінің мұғалімі

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА МАТЕМАТИКАНЫҢ РӨЛІ

Көптеген адамдарда математика не үшін қажет деген сұрақ туындайды. Математика университеттер, колледждер мен мектептердің міндетті бағдарламалардың бір бөлігі болып табылады. Адамдар бұл математика ғылымын, тіпті қарапайым принциптерін меңгергенде, ешқандай пайдасы бар екендігін көрмейді. Бұл өте қате тұжырым. Математика маңызды да терең ғылымның саласы екенін бәрі түсіне бермейді. Математика ақыл ой қабілетін, сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылық ойды дамытуға, ой өрісін кеңейтуге, интеллект деңгейін өсіруге үлесі зор. Әсіресе математика баланың дамуы үшін маңызды. Баланың зияткерлік даму үшін үлкен серпін береді.

Математиканы зерттеп адамды адам ретінде дамытады, оны мақсатты, белсенді, тәуелсіз, еңбекқор, сабырлы және шыдамды етеді. Математика іргелі ғылым, оның әдістері физика, химия, биология сияқты көптеген пәндерінде белсенді қолданылады. Математика ғылымы өмірмен байланысты қиын және өте қызық пән екендігі анық. Математика – табиғатты оқып-зерттеудің құралы. Бұл пән – дәл пән, ешқандай бұрмалаушылықты көтермейді. Бұл математиканың өз ішіндегі тәртіп пен қатаң логиканың әсерлері. Сондықтан, математика заңдары мен заңдылықтарын көбірек білген сайын біз өзімізді қоршаған ортаны және ондағы заңдылықтарды көбірек байқап, түсінетін боламыз және табиғатты әрі қарай зерттеп, оның нәтижелерін адам игілігіне жарату үшін жаңа құралдар мен

құрылғылар жасап шығарудың мүмкіндіктері арта беретін болады. Әр түрлі әдіс-тәсілдермен, әрі кейінгі өміріне азық болар сөзсіз. Математикасыз бірде бір жаңа ашылулар, ешқандай өнертабыс жұмысы істелмейді. Ғалым Карл Фридрих Гаусс «математика ғылымның патшайымы» деп бекер айтпаған.

Математиканың көмегінсіз адам ештеңе шеше алмаушы еді. Математика бүкіл әлем бойынша кез келген маман иесіне, барлық жерде, күнделікті өмірде қажет. Математика мыңдаған мамандардың ішінде қалай қажет екені сөзсіз. Сонымен қатар кез келген жұмыс орындарында кестелер, диаграммалар мен графиктер түрінде ұсынылған ақпаратты, түрлі тапсырмаларды орындауға арналған алгоритм схемаларын түсінуді талап етеді. Мен «Автоматтандыру және басқару» мамандығын таңдауда математика ғылымы қажет және математикамен тікелей байланысты екенін түсіне отырып осы мамандықты таңдадым, өйткені осы мамандықта математиканы терең игеріп, байланысын білгім келді. Бүгінгі күнде 5, 10, 20 жылдан кейін қандай мамандықтар сұранысқа ие болатындығы жайлы белсенді пікірталас жүруде. Автоматтандырылған технологиялар мен робототехника әр сала бойынша барлық орындаушы мамандықтарды араластырады. Қазіргі заман жастарына өзі тәріздес түлектермен ғана емес, сонымен қатар жансыз роботтармен де бәсекеге түсуге тура келеді. Робототехника, автоматтандыру және басқару жаңа сұранысқа ие мамандыққа айналууда. Алдағы жылдары роботтарды бағдарламалайтын, оларды құрастыратын, олардың жағдайын жақсартып және олардың аккаунтингімен айналысатын, автоматтандырылған тораптар мен өнеркәсіпті жобалау, қаптамалау және монтаждаумен айналысатын адамдар сұранысқа ие болады. Өнеркәсіптік және тұрмыстық сандық автоматиканың кәсіпорында автоматтандырудың 2-3 деңгейлі жүйесін қолдану қажеттілігіне әкеліп соқты. Автоматтандырудың жүйелері (ERP және т.б.) әдеттегідей өндірісте қандай жағдай болып жатқандығын шынайы уақытта көрсетпейтін, ал ақпаратты кезеңдік жаңартулар арқылы алатын архитектураны қолданылады. Өндірісті автоматтандыру жүйесінің рөлі шынайы уақыт режимінде транзакцияларды өңдеу жағына қарай дамуына байланысты өзгереді, бұл толықтай синхрондалған операцияларға алып келеді. Барлық ақылды техниканы жасау және оған қызмет көрсету үшін автоматтандыру және ақпараттық жүйелер саласындағы мамандар сұранысқа ие болатындығы анық жағдай. Болашақ мамандығымда автоматтандыру жүйесі бойынша жоспарлы есеп жүргізу, сараптамалар жасау барысында әр түрлі математикалық әдістер пайдаланылады. Мысалы «Автоматты басқару теориясы» деген пәнді оқу барысында автоматтандырылған құрал жабдықтарға реттгіштерді таңдау барысында әр-түрлі математикалық есептеулер қолданылады. Яғни математика тек қана автоматтандыру және басқару мамандығына ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген маман иелерінің аз болса да тиетін үлесі өте зор!

Әдебиттер

1. Математика және физика журналдары -2005 ж
2. Республиканың баспа кабинеті- Алматы 1997 ж Әбдисов «Математиканы оқыту әдістемесі»

Ж.А. Габдуллин

КМҚК «Электротехника колледжі»

Ғылыми жетекші: А.Б. Саньязова математика пәнінің мұғалімі

МАТЕМАТИКА ПӘНІН МЕНГЕРУДЕ АКТ-НЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында

ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында оқу үдерісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды кеңінен пайдалану жалпы білім беруді дамытудың басты бағдарының бірі делінген. Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Математика пәні адамның ой-өрісін, ойлау, талдау қабілетін дамытады және білім қазынасын игеру, әсіресе математиканы оқыту, оқып –үйрену дәйектілікті, табандылықты, сонымен бірге қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан, барлық оқушыларды жүйелі дайындықсыз жоғары нәтиже көрсету мүмкін емес.

Бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері архитектура, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады [1].

Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түрлі-түсті бояуды, графика түрлі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астауын, мүсін пластикалық үш өлшемді (биіктік, ендік және аумақтық) пайдаланады.

Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументальді-сәндік және қондырмалы болып екіге бөлінеді. Қондырмалы шығармалар негізінен музейлер, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументальді кескіндеме ғимараттардың ішкі қабырғаларында, интерьерде және экстерьерде жазылады. Монументальді мүсін сәулет кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Шығыс және батыс бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

Бейнелеу өнері тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен. Бейнелеу өнерінің даму жолы шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы қауымдық өнер, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заманғы өнер. Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық өнердің ірі-ірі кешенді түрлері Тамғалыда, Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталған.

Адамзат мәдениетінің ең бір ежелгі ошақтарының бірі – Ежелгі Қытай өнері (б.з.б. 3 ғ-ға дейін). Бұл дәуірдегі өнердің дамуы қалалардың пайда болуымен тығыз байланысты: ғибадатханалар, билеушілер сарайларының құрылысы, т.б. Ортағасырлық Үндістан, Индонезия, Қытай, Камбоджа ғибадатханалары, Түркия мен Орта Шығыстың мешіттері еуропалық ғибадатханалардан кем түспейді. Месопатамия, Иран, Үндістан, Орта Азия, Әзірбайжан, Түркияда миниатюра жанры қарқынды дамыды, хұснихат жазу өнері шеберліктің биігіне жетті. Шығыстық миниатюраға нәзік те ашық бояу, ою-өрнектің әсемдігі, өмірлік тәжірибеден туған пайымдаулардың айқындылығы, терең діни-философиялық

тұспалдау тән. Түрік миниатюрасының өзіндік стилін Сефи, Жәми, Нақши Ахмед, Мұстафа Шелеби секілді шеберлер қалыптастырды. Қолөнер түрлері – өрнекті кілемдер, мата тоқу, металдан жасалған ою-өрнекті бұйымдар жасау, қыш құю, ойылып, шекіліп өрнектелген қару-жарақтар жасау өнері қарқын алды.

Қазақстанның орта ғасырлардағы өнері өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Бұл кезеңдегі өнер тәңіршілдікпен, түркілердің қуатты саясатымен, қалалардың салынып, сауда мен қолөнердің дамуымен үндесті. Балбал тастар мен құлыптастар да осы кезеңнің туындылары. Зергерлік өнер, тері илеу, қыш құю, тоқыма өнері дамыды. Қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесі мен бейнелеу тілінің байлығы ою-өрнек өнерінде, белгі, таңба жүйесінде айқын ізін қалдырған. Адам мен табиғатты тұтас бірлікте қарастыратын қазақтың дәстүрлі дүниетанымы мен өнері киіз үйдің құрылысынан өз көрінісін тапқан. 18 – 19 ғ-лар мен 20 ғ-дың басында қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын Еуропа және орыс ориенталистері өз туындыларында (Т. Аткинсон, Б. Залесский, А. Горонович, В. Штернберг, Т. Шевченко, П. Кузнецов, Г. Хлудов) қызығушылықпен бейнеледі. Қазақтың дарынды ұлдарының бірі Ш. Уәлихановтың суреттері 19 ғ-дың 2-жартысындағы графикалық туындылардың Қазақстандағы алғашқы құнды үлгілері болып саналады. 20 ғ-дың басында Қазақстанда кәсіби кескіндеме, мүсін, графика жанрлары қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылар – Ә. Қастеев, Ә.Ысмайылов, Х.Наурызбаев, т.б. Ұлттық кәсіби Б. ө. алғаш еуропалық көркемдік дәстүр арнасында дамығанмен, кейіннен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүр негізінде өзіндік стильмен даралана бастады [2].

Әдебиеттер

1. Ералин Қ., Халмұратов Ж. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері. Алматы. М-Талант фирмасы. 1997.
2. «Советтік Қазақстанның бейнелеу өнері» Алматы. Өнер. 1990ж.

Е.В. Степанова

КГКП «Педагогический колледж имени М.О. Ауэзова» г. Семей
Научный руководитель: М.Б. Гельмендинова, преподаватель истории

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МЫСЛЬ ШАКАРИМА

Шакарим Кудайбердиев занимает особое место в истории педагогической мысли Казахстана. Его философско-педагогические воззрения основываются на глубоком понимании им биологической и духовной сущности человека, необходимости совершенствования личности и общества. По мнению Шакарима, достижение казахским народом высокой культуры, нравственности, материального благополучия зависит от воспитания и образования. Формирование духовно – нравственных качеств у подрастающего поколения должно быть главной задачей. Основой для этого должны быть: любовь к Родине, искренняя вера в Бога-Создателя, гуманность, справедливость и достоинство. В воспитании детей и молодежи должно быть тесное взаимодействие семьи и общества. Педагогические мысли он стремился передать через своё творчество. В стихотворениях "Арман", "Дуние мен омир" и многих других поэт, осуждая алчность, нечистоплотность, беззаконие, призывает молодежь к овладению знаниями, предостерегает их от хитрости, лицемерия и обмана. Первостепенное значение Шакарим придавал трудовому воспитанию, приучению к труду, трудовой деятельности как основе добродетельной жизни и материального благосостояния [3].

Человек должен стремиться ко всему хорошему, должен себя воспитывать, честно трудиться, исправлять и искоренять свои недостатки.

Сердцевина идей Шакарима – духовно - нравственное воспитание подрастающего поколения. Он был убеждён в необходимости нравственного очищения людей для построения нового общества. Задача родителей и педагогов, по мнению Шакарима, – уберечь юные души от дурных влияний. Плохие привычки легко закрепляются и от них трудно избавиться, поэтому с раннего детства надо прививать человеку правила нравственного поведения. "Неискушённость, малый жизненный опыт подталкивает молодежь идти на поводу у чувственных влечений и предпочитать эгоистические желания общественному долгу", – писал Шакарим в философских думках "Сад подснежников». Произведение Шакарима – «Сад подснежников» – состоит из притч. Главная идея – уберечь людей от дурных поступков, призыв к

высокому, осуждение низости. Писатель считал, что если слушающий имеет чуткие уши и справедливое сердце, то умные советы как своевременно принятое лекарство избавляют его от дурных наклонностей. Его поучительные истории ориентируют людей на нравственное самосовершенствование. Внутренний моральный закон должен руководить поступками людей – такова основная мысль его притчей [1].

Стихи Шакарима несут в себе нравственные поиски автора, его благие призывы к людям оставаться разумными, возрождать в себе человечность, быть творцами.

Шакарим вслед за Абаем призывал молодежь овладеть знаниями, ремеслами, воспитывая в них человеколюбие, гуманизм. В своем стихотворении «Жастар» он советует подрастающему поколению не отставать от своих сверстников, не лгать, не воровать, не сквернословить, не лениться, учиться всему хорошему у молодежи передовых стран.

В своих произведениях он призывает казахскую молодежь быть в передовых рядах прогрессивной части общества, на недостойное поведение некоторых молодых людей во взаимоотношениях со взрослыми, на пренебрежительное отношение молодежи к традициям, обычаям казахского народа. При этом он часто напоминает о том, что плохие дела людей никогда незамеченными не останутся. Шакарим указывает на необходимость справедливости и милосердия между людьми [2].

Ученый призывает молодежь изучать, понимать и применять в жизни богатое наследие казахского народа. Указывает на то, что наследие прошлых – это великое богатство, оно неисчерпаемая духовная пища для многих поколений. Шакарим дает наставления молодежи о необходимости соблюдения норм поведения народных традиций и обычаев, сохранять спокойствие, уравновешенность. В жизни все происходит честным трудом: и богатство, и счастье, для чего нужно не бояться труда. Единственный нравственный путь, указанный поэтом молодежи – это путь справедливости и овладения знаниями. Именно такой путь спасет человека от трудностей, избавит от невежества, приведет к вершинам нравственности.

Литература

1. Баймурзина Г. Вечное слово Шакарима. Атырау. 2014
2. Кудайбердиев Шакарим. Биография. 2010
3. Педагогическая мысль и образовательная система Казахстана в 20-е -50-е годы XX века. Шакарим
4. Кудайбердиев. Учебное пособие Усть-Каменогорск Издательство ВКГУ им. С. Аманжолова. 2004

К. Еспаева

Пригород жапы орта білім беретін мектебі, Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: С.М. Сайфулин, бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі

СЕМЕЙДІҢ МҮСІН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ «ОТАН-АНА», «ЖЕР-АНА» БЕЙНЕСІ

Әлем жылдам өзгеруде. Білім мен тәрбие беру жүйесі өзгерісті талап етуде. Осы негіздер арқылы біздер, шәкірттер, жас ұрпақ алған білімдерімізді, тәрбие-өнегемізді шынайы өмірде тиімді қолдана алып, тез өзгеріп жатқан жаһандану заманында рухани бай, бәсекеге қабілетті болуға тиіспіз. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы осы бағытқа негізделген. Мақалада Рухани жаңғыру процесінің нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары атап көрсетілген. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімді де тәрбиелі ұрпақ керек [1]. Осы мақсат-міндеттерге сай баяндамамды арнап, өз үлесімді қосқым келеді.

Елбасымыздың мақаласында межеленген мақсат-міндеттерге жетуді Семей қаламыздағы мүсін туындыларын тани, зерделеу арқылы да рухани құндылықтарды бойымызға дарыта алатынымызға көзім жетті. Қаламыздағы бірнеше мүсіндік топтамаларға зер салып, өз деңгейінде дәріптесек жоғарыда аталған мақсаттарға жететініміз кәміл. Атап айтсам, «Өлімнен де күшті» монументі, «Жеңіс мемориалы» және «Ауған соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткіш». Осы мүсін туындыларындағы «Отан-Ана», «Жер-Ана» бейнесін жас ұрпақтың бойына сіңіре берсек, тәрбиелі де білімді, отансүйгіш тұлға қалыптасар еді.

Жерлестеріміз осы туындыларды күнде көріп жүргенімен, байыбына көп бара бермейтін сияқты. Мектебінде жүргізілген сауалнама барысында осыған көзім жетті. Қаламыздағы басқа мектептердегі ақуал одан ары емес екеніне сенімдімін.

Солардың бірі- суретшілер Одағының мүшесі, мүсінші Мұратбек Жанболатов авторлық еткен «Ауған соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткіш». Ескерткіш екі бөліктен тұрады. Олар атып түсірілген құстың қанатын бейнелейтін екі стелла мен жылтырлатылған қара гранит. Мүсіндік композициясы екі фигурадан тұрады: Отан-Ана мен оның алдында бас иіп тұрған жауынгер. Оның жанында құстың екі сынған қанатын бейнелейтін гранит жартас тұр [2]. Атып түсірілген жас қанаттың, Отан-Ананың үнін барлығымыз ести бермейміз.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Жер-Ана зардап шекті. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек [1]. Осы бағытта бізге өнеге - «Өлімнен де күшті» монументі». Құлыптаста атом саңырауқұлағы бейнеленген. Монументтің төменгі тұсында қаршадай сәбиін қауіп-қатерден көлекейлеген ақ мәрмәр тастан жасалған Ана бейнесі бар. Рухтың өлімнен де күшті екенін дәлелдеп тұр. [2] Құлыптастың төменгі бөлігінде мынадай мазмұнды үндеу жазылды: «Уа, жаратқан ие, біз көрген зұлматты енді ешкімнің басына бере көрме! Қасиетті Жер-Ананың қасіретті азалы үні әлі естіліп тұр!». «Жер-Ананың» зарын әр оқушы өз жүрегінен өткізе білсе, мақсатымыздың орындалғаны [3].

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті [1]. Осы бабалар ерлігі мен елдігінің бір куәсі - «Жеңіс мемориалы». Монументтің бір бөлігі жауынгер-батыр образы – ол біреудің ұлы, біреудің әкесі, біреудің ағасы не бауыры, яғни мыңдаған қайғының жиынтығы деуге болады. Қазақ қызы – Жеңістің хабаршысы бейнеленген. Төменде үш тостаған қойылған, олар аналардың, әйелдердің және балалардың көз жастарын бейнелейді. Мені де қатты толғандырған осы үш тостаған [2].

Бар ауыртпалық пен ауыр жүкті мойнына алатын, не нәрсенің зардабына төтеп беретін Ана ғой. Шәкәрім шығармаларындағы Ана бейнесінің барлық құндылықтарын алысқа бармай-ақ, осы мүсін туындыларынан танимыз. «Отан-Ана», «Жер-Ана» қасиетін өн бойынан өткізген ұрпақ қана Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында межелеген рухани бай, елжанды және бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптаса алады.

Әдебиеттер

1. Нұрсұлтан Назарбаев «Егемен Қазақстан» №70 (29051) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
2. Тусупбеков. «Шығыс Қазақстан облысы сәулет өнері және монументальді ескерткіштер тізбесі» Өскемен
3. Т. Төленбаев Отан-ана, Жер-Ана жайлы аңыздар 2011ж.

Г.Б. Омарова

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК., Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: А.К. Кабимолдина, педагогика пәнінің мұғалімі

МҰСАҰЛЫ ТӨЛЕУЖАН МУСИННИҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ

*Адамдық борышың – Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз, болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба мансаптың тағы үшін.
Нәпсіңе билетпе басыңның бағы үшін.
Өміріңді сарп қыл өлгеніңше, жоба тап,
Жол көрсет, келешек қамы үшін.
Қайтадан қайрылып қауымға келмейсің.
Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң – шын бақыт, осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің!*

Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай, қазіргі уақытта 114 жыл тарихы бар ШҚО., Семей қаласындағы М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің № 206 оқу кабинетін Мұсаұлы Төлеужан Мусин пен Халитова Фарида Ғабсадыққызының атындағы атаулы кабиенеттердің бірі. Колледжде білім алып жатқан болашақ педагогикалық маман иелеріне осы қара шаңырақта білім алған, еңбегі орасан зор ұлы адамдарды нәсихаттау мақсатында әр түрлі шаралар өтіліп тұрады. Соның бірі формасы атаулы кабиенеттер арқылы насихатталуда. Осы мақсатты негізге ала отырып, 2017-2018 оқу жылындағы «Музыкалық білім беру» мамандығы, «Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұжымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі» біліктілігі бойынша 42 топ білім алушыларына «Ғибратты ғұмыр» тақырыбында Мұсаұлы Төлеужан Мусин және Халитова Фарида Ғабсадыққызының өмір жолдары мен еңбегі жайлы тәрбие сағаты өткізілді. Сол тәрбие сағатына топ ішінен құрылған шығармашылық топ мүшелері белсене қатысып, топ білім алушыларына кабинеттің атауы берілген Мұсаұлы Төлеужан өмір жолы мен еңбегі жайлы ақпарат беріп өтті.

Семей қазақ педагогикалық техникумының түлегі. 1921-1928 жж Семейдің педагогикалық техникумында оқиды. Педагогикалық техникумында оқып жүргенде қоғамдық жұмыстарда белсенділік көрсетіп, алғашқылардың бірі болып комсомол қатарына қабылданды. Батыс-Сібір геология басқармасында технолог, экономист, аудандық тұтынушылар одағының есепшісі, білім бөлімінің инструкторы, Қайнар орта мектебінің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, Шар ауданындағы Октябрь және Абай орта мектептерінің директоры, Қазақстан коммунистік партиясының Шар және Жарма аудандық комиссиясының Семей облыстық партия комитетінің инструкторы, Семей қаржы-экономика техникумының директоры, Семей қаласының ардагерлер кеңесінің аудандық және қалалық кеңестерінің төрағасы болып қызмет атқарды. 1937-1941 жж аралығында Семейдің Абай атындағы қазақ педагогикалық училищесінде оқу ісінің меңгерушісі, директорлық қызмет атқарған. Төлеужан Мусиннің еңбектері Отан алдында жоғары бағаланды. Т.М. Мусин көптеген медальдармен, төсбелгілермен және Құрмет грамоталарымен марапатталып, Отан алдындағы ерен еңбегі үшін “Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі” атағы берілген. Воронеж, Сталинград майдандарында рота командирі дәрежесінде соғысқа қатысқан. Ауыр жаралы болған. Шығыс Қазақстан облысы мен Семей қаласының ақсақалдар алқасының мүшесі. Шығыс Қазақстан облысының Кіші Ассамблясына мүше болып сайланған. Семей облысы мүгедектер қоғамының сайланылған төрағасы. «Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалім», «КСРО қаржы қызметінің Үздігі». Семей қаласының құрметті азаматы. “Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі”, еңбек және соғыс ардагері. «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен екі мәрте «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Әскери қызметі үшін» КСРО 18 медальдарымен марапатталған.

Міне, оқу орнымыздың танымал түлегі Төлеужан Мусиннің өмірі мен шығармашылығы ғибратты ғұмыр десек қателеспейміз. Өмірдің қаншама қиыншылығын бастан кешірсе де, оған мойынсынбай, ерен еңбегімен елі үшін еңбек еткен жандарды қадыр тұту, баршамыздың парызымыз.

«Өзімнің жанымды жылытып, жүрегімді тербеген олардың өнегелері жас ұрпаққа жанына нұр құйса, менің мақсатыма жеткенім» Т. Мусин

М.С. Мұқтаров

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК., Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: А.К. Кабимолдина, педагогика пәнінің мұғалімі

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан сұмсап жүр.
Тағдыр қиын, сырлы сиқырымен
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр – деп*

Шәкәрім ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір-болмыстын, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып-түсіну мағынасында алып қарайды. Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да іс-әрекетті ақылмен сынауды басты принцип етіп қояды.

Осы орайда бүгінгі күндегі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Биылғы Елбасымыздың халыққа жолдауында айтып өткендей: «жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек» деп басты назарды білім беруге аударуда.

Осыған сәйкес өзім білім алып жүрген М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжде жаңа ақпараттық технологияларды (интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары) қолдану кеңінен қарастырылып, колледж білім алушыларының жан-жақты білім алуға жағдайлар қарастырылған. Қазіргі уақытта Шәкәрім атындағы үш тілде оқытылатын көп бейінді гимназиясында дене тәрбиесі сабағынан мемлекеттік іс-тәжірибеден өтіп жүрмін. Тәжірибе барысында әр сабағымды қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлап, жүзеге асыруға тырысып келемін. Болашақ маман ретіндегі осындай тәжірибе жинақтау арқылы жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйренеміз деп ойлаймын.

«Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады» жолдауда бүгінгі таңда жаңартылған білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, оқытудың технологиялардың элементтерін қолданудың маңызы зор.

«Халық пен халықты теңестіретін – білім» – деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы, оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгерудің маңызы – оқушылардың ой-өрісін ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейтіні сөзсіз. Қазіргі инновациялық оқыту технологиясының қарыштап өмірге енуі жағдайында салауаттылық пен денсаулықты сақтау қағидаларын бұқараға кең тарату мақсатында бұл мәселе үлкен тәжірибелік маңыздылыққа ие.

Дене шынықтыру сабағында алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алу керек. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде беріп отыру қажет. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап

көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады.

Оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс. Мультимедиалық оқулықтар біріншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

Ақпараттық технологияларды педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сабаққа деген ынтасы оянады, өз бетімен жұмыс істеуге, дебат ұйымдастыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға еркін де кең мүмкіндік береді.

Ал, оқытушы үшін де маңызы өте зор, ол мына жетістіктермен ерекшеленді: оқытушы үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс- тәсілі артады, жас мамандардың қызығушылығын туындатады, интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс - тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қолы жетеді, оқытушының сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қортынды: Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек.

«Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.

Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс.

А.Б. Бокешова

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК., Семей қ.
Ғылыми жетекшісі: А.К. Кабимолдина, педагогика пәнінің мұғалімі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР-ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Құр білген керек емес - білгенді іс қылған керек-деп Ш.Құдайбердіұлы атамыз айтқандай қазіргі күнде білген оқыған адамдар ғана білу міндетті емес, сол білгенді іс қылып, жас ұрпаққа жаңартылған білім жүйесімен мазмұнды жұмыс істеу педагогтың міндеті. Соның ішінде біз қазіргі машықкер, студент келешекте маман иесіміз. Оқып отырған мамандығым-шет тілі мұғалімі. Менің шет тілі мамандығын оқу себебім болашақта елімнің нығаюына ықпал ету ғана емес, сол ұрпақтарды, яғни оқушыларды ұлттық құндылықтарды сіңірте отырып тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: “Еліміздің болашақта қандай болатыны балалаларымыздың бойына қандай тәрбиені сіңіретіңізге тікелей байланысты.” – деп ерекше мән беру керек екендігін атап айтты.

Жеке тұлғаны бала кезінен бастап ең маңызды адамзаттық құндылықтарды - адамгершілікті, жанашырлықты және басқа да асыл қасиеттерді дамыту керек. Қазіргі жағдайда бұл талаптарды жүзеге асырудың мынандай мүмкіндіктері бар:

1) Рухани адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу.

«Қиянат жасау» құндылығына орай Шәкәрім “қиянатсыз надандар әулиеден кем емес” деу арқылы адамшылықтың ең алдымен білім арқылы емес, қиянатсыздық арқылы қалыптасатынын айтып, қиянатсыз-дықты білімнен жоғары қойған. Ар білімнің алдында тұрса, білімді адамзат игілігі үшін

қызмет еткізуге болады. “Қиянатың бар болса иманың жоқ” деген Шәкәрім. Қиянатсыз ой ойлау, қиянатсыз сөз сөйлеу, қиянатсыз әрекет ету адамды жарыққа, тазалыққа бастайды. Арлы ақыл, ар білімі деу арқылы Шәкәрім үнемі арды алға қойып отырған. Арсыз білім, арсыз ақыл адамзатты адастырмақ. Шәкірім адам баласының қалыптасуы мен өмірге бейімделіп дамуы үшін ол адамға ең басты тәрбие қажет болмақ. Әр баланың қоғамда өз орнын тауып адам болып қалыптасуы үшін ата – ана мен ұстаз оқушының бойына адамгершілік, патриоттық тәрбиені сіңіре білуі қажет. Өйткені адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Шәкәрімнің тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз.

Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың бойтұмары болмақ. Шәкәрім өлеңдерінің жас ұрпаққа берер тәрбиелік маңызы зор. Сонымен қатар өлеңдерінің тақырыптық ауқымы өте кең. Соның ішінде ойып орын алар тақырып – рухани адамгершілік тәрбиесіне қатысты ойлары. Ол адамгершілік, ар – ұятты жоғары қояды.

2) Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыр дейтін болсақ, менің алғашқы іс-тәжірибем «Сыныптан тыс технологиясы» болды. Сыныптан тыс тәжірибемнің басты мақсаты сынып жетекшінің оқушылармен жақын қарым-қатынас орнату, тек қана сабағын емес, психологиялық жай күйін білу оның ішінде адамның құндылықтарын, қарым-қатынасын сүйіспеншілігін, ішкі тыныштығын, ақиқатын нығайту. Осы орайда «Патриотизм-ұлттық рухтың асқақ белгісі» атты тәрбие сағатын – өкізген болатынмын. Негізгі мақсатым патриоттық тәрбие бере отырып, ұлттық құндылықтарды сіңіруге тырыстым.

Осының бәрін негізге ала отырып ұлтымыздың ұлт екенің ұмытпай, бірақ қазіргі заманға қарай баулуымыз керек. Жанартылған білім жүйесінің әдістерін қолдана отырып сабақта және тәрбие жұмыстарында жүзеге асыруымыз міндет болып табылады. Яғни осы міндет жүйесінде биылғы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында айтып кеткендей үш тілдік бұл кез келген ұрпақ үшін мұғалім үшін өте қажетті. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар, қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өз жолдауында айтып кеткендей, қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Осыған орай мен үш тілділікті қолдау мақсатында сыныптан тыс жұмыс технологиясынан өткен кезімде «Тілі басқа тілегі бір» атты тәрбие сағатын өткізген болатынмын. Тәрбие сағаты 3 тілде өтті. Бұл оқушылардың өзге тілге деген қызығушылығын арттыру барысында жасалды.

Ойымды аяқтай келе: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» – дегім келеді.

Д.А. Әскербек

М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: М.С. Комаева, мектепке дейінгі педагогика пәнінің оқытушысы

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ, ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВ, МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕНІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНЕ ЕНДІРУ

Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов – қазақтың қоғамдық рухани, мәдени, әдеби өміріне белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, педагогикалық идеяларды уағыздаған.

Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтың шығармаларымен балабақшадан бастап таныстыру керек деп ойлаймын. Себебі, кішкентай кезінен ақылды сөз ұғып өскен балада ғана өмірге, дүниеге басқаша көзқарасы қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңнен бастап бала кезіндегі Абай, Шәкәрім, Мұхтардың бейнелерін, сол кездегі суретін көрсете отырып, бала шағынан бірер мысал келтіріп, қара сөздерінен бір-екі сөйлемдік үзінділер мен тақпақтарын беруге болады. Көлемді өлеңдерін жаттату балаға қиын болады. Сондықтан да, рөлдерге бөліп жаттатса, оңай әрі қызықты болады. Мысалға, Абайдың он жетінші қара сөзін келтіруге болады. Ақыл, қайрат, жүрек айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгінеді. Бала өзіндік пікірін жеткізе біледі, бойында «Мен тұжырымдамасы» қалыптасады, жолдастарының алдында сөз сөйлеп үйренеді.

Осының барлығын бала бойына сіңіру үшін, тәрбиешілер өз ісінің маманы болуы керек. Өз ісінің маманы болу үшін әрине білім қажет, бірақта, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің болуы міндетті. Ол дегеніміз – балаларға, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі.

Педагогикалық колледжде болашақ мамандардың танымдық белсенділіктерін арттыру мақсатында «Абай, Шәкәрім, Мұхтардың педагогикалық идеяларының сабақтастығы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сонымен қатар әдіскер-оқытушыларымыз да «Заманауи балабақшада Абай өсиеттерін қолдану» атты облыстық онлайн-шеберлік сыныбына қатысып, тәжірибе бөлісті. Оқытушылармен бірлесіп, Ұлылар мекені - Абайдың Жидебайдағы, Мұхатр Әуезовтың Бөрлідегі мұражайларына экскурсияға шығу дәстүрге айналған.

Балабақшада іс-тәжірибе кезінде ата-аналармен де жұмыс жүргіземіз. Ата-аналармен кездесуде Абай, Шәкәрім, Мұхтардың отбасы қарым-қатынасы жайлы ойлар сабақтастығын ортаға салып, пікір алмасамыз.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін талдау А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов шығармаларындағы педагогикалық идеяларының өзара сабақтастығын мектепке дейінгі мекеменің оқу-тәрбие үрдісіне ендірілудің тиімділігін көрсетіп, біздің жұмыс бағытымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Султанова Н. А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов шығармаларындағы педагогикалық идеялар. – Семей, 2009
2. Тәжібаев Т. Абай Құнанбаевтың психология және педагогикалық көзқарастары. Жинақ. – Алматы. 1954
3. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988
4. Әуезов М. Мысли-разных лет.-Алматы, 1959
5. Халитова И. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің педагогикалық негіздері. - Алматы, 1997

А.К. Айдарханова, А.А. Совет

КГКП «Государственный медицинский колледж имени Д.Калматаева города Семей»
Научный руководитель: С.Б. Молдағалиева, преподаватель дисциплины «Основы психологии и коммуникативные навыки»

ВЗАИМОСВЯЗЬ СНА И ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ПЕРВОКУРСНИКА

Сон – физиологическое явление, присущее многим живым существам, во время которого мозговая и двигательная активность понижены, замедляется реакция на внешние раздражители. А.И.Павлов утверждал: правильный здоровый сон-состояние особой активности человека. Здоровый сон человека - биологическая необходимость. Сон состоит из двух больших стадий, которые закономерно и циклически сменяют друг друга: 1) сон медленный длительностью 60 – 90 минут и сон быстрый – 10 20 минут Средняя продолжительность сна человека обычно зависит от многочисленных факторов: начиная от возраста, пола, образа жизни, состояния здоровья, питания и степени усталости, до внешних факторов (общий уровень шума, местонахождение и т. д.). Нарушение физиологической структуры сна считается фактором риска, который может приводить к бессоннице [1].

Мы провели небольшое исследование со студентами нашего колледжа, чтобы понять какое же влияние на них оказывает сон. Результаты анкетирования показали, что у большинства студентов наблюдались отклонения в режиме сна и бодрствования. Так, на вопрос «В какое время Вы ложитесь спать?» большинство студентов (38%) склонились к ответу «01:00». 20 % из всех опрошенных засыпают в 02:00, 22% – в полночь, а 15% – в 23:00. И лишь 5 % студентов – в 10:00. Следует подчеркнуть, что сон оказывает большое влияние на успеваемость студентов, поэтому нами был задан следующий вопрос: 68% отметили, что сон влияет на успеваемость, 32% - отрицали данный факт. Мы решили продолжить свое исследование и из этой группы студентов мы выделили для себя 20 первокурсников, которые спят не более 5 часов. Каждый день студенты отвечали на ряд вопросов, которые должны были выявить их психологическое, физиологическое состояние, изменения в их настроении и эмоциях. За основу была

взята анкета, состоящая из 2-х частей. Первая часть включала в себя: общие данные студента; продолжительность сна ночью и днём; наличие неврологических симптомов; его социальную активность и смену настроения. Вторая часть представляла собой тест для установления степени невротизации по В.В. Бойко, состоящий из 40 вопросов [2]. Наличие определённых симптомов у опрошенных: Чувство недосыпания – 82 %; Беспокойство – 35 %; Раздражительность, Головная боль – 55%; Снижение памяти – 45 %; Шум в ушах – 5 %; Апатия – 32 %; Быстрая утомляемость – 52 %; Снижение внимания – 49 %; Диарея – 10 %; Агрессия – 12 %. С данными студентами была проведена акция и семинар – тренинг о значении и важности сна, были даны советы и рекомендации. По результатам исследования мы выявили, что нарушения в режиме сна и бодрствования имеет огромное влияние на физиологическое и психическое состояние студентов.

Таким образом, сон является незаменимым аспектом жизни, а его длительность играет важную роль в развитии и становлении организма. Осознанное нарушение сна, замеченное среди студентов, ослабляет их мозговую активность и приводит к потере тонуса организма.

Мы как будущие медицинские работники понимаем важность сна и хотим привести следующие рекомендации, которые могли бы улучшить качество сна: 1. желательно всегда ложиться спать и вставать в определенное время; 2. последний прием пищи должен быть за три-четыре часа до сна; 3.самое лучшее время для засыпания – с 22.00 до 23.00; 4. не принимайте на ночь душ, особенно контрастный, его лучше оставить на утро; 5. просмотр фильмов и телепередач, компьютерные игры перед сном перевозбуждают нервную систему и затрудняют фазу засыпания [3]. В заключении всего сказанного нами, можно сделать вывод, что сон- неотъемлемая часть жизни человека. Недосыпание и отсутствие качественного сна вредит нашему здоровью больше, чем мы представляем.

Литература

1. Давиденко Д.Н. Психофизиологические основы функциональных состояний: учеб. пособие /Д.Н. Давиденко. СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 2005. – 242 с.
2. Евсеенко Л.Н., Харитоновна Л.Г., Биологические основы жизнедеятельности человека [учеб. пособие/ Л.Н. Евсеенко, Л.Г. Харитоновна. Омск: СибГАФК, 2002. – 168 с.
- 3.Институт сна: <http://www.sleepmed.ru/about.htm>

Д.Е. Елемесова, Қ.А. Есімбекова

«Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік медицина колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Р.К. Мусатаева, «Психология негіздері және коммуникативті дағдылар»
пәнінің оқытушысы

ТЕМПЕРАМЕНТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТА БІЛУ

Баяндаманың мақсаты: Темпераменттің ерекшеліктерін анықтап, студенттер арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Бұл тақырыпты алған себебіміз, біз колледждің «Ақниет» психологиялық үйірмесінің мүшелері болып табыламыз. Үйірмеміз көптеген психологиялық бағыттағы ғылыми зерттеулермен айналысады, сондағы зерттелеулеріміздің бір бағыты ол темперамент ерекшеліктерін анықтау.

Темперамент – дегеніміз нерв жүйесінің тума қасиеттерінен туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Темперамент адамның жалпы қозғалысынан психиканың күшімен тереңдігімен адамның көңіл күйінің ерекшеліктерінен, эмоция сезімдерінен жақсы байқалып отырады [2].

Темпераментті негізгі 4 топқа бөлінеді: сангвиник – қызу қанды, іскер адам; меланхолик – аса сезімтал, тез жылағыш, оқшау жүргенді жақсы көреді; холерик – аса қозғалғыш, ұшқалақ, қарым-қатынаста күйгелек; флегматик – салмақты, ұстамды, бірқалыпты, бастаған ісін аяқтайды [1].

Темпераменттің ерекшеліктерін анықтау үшін колледж студенттерінің арасында зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Зерттеу барысында студенттердің жүйке қызметі мен темпераменттің типтерін

анықтадық, сонымен қатар қарым-қатынас орнату деңгейіне зейін аудардық. Зерттеулер барысында темпераментті анықтауға арналған А.Белова, Г. Айзенк, «Тұлға-аралық қарым-қатынасты анықтау» Т.Лиридың әдісін қолданып студенттердің темперамент ерекшеліктерін және қарым-қатынас деңгейін белгіледік. Зерттеу жұмысы екі апта ішінде өткізілді, қатысқан студенттер саны – 51. Зерттеу қорытындысында студенттер арасында басым көпшілігі-сангвиниктер мен флегматиктер, ал меланхоликтер пен холериктердің пайыздық көрсеткіштері орташа деңгейде екені анықтадық. Яғни сангвиниктер үлесі-37%,холерик-22%,флегматик-25%,меланхолик-16%.Осындай көрсеткіштер бізге студенттердің көпшілігінде темпераменттің типтік бітімі анық, айқын болатынын көрсетеді. Бір-біріне үйлеспейтін темпераменттер арасында қарым-қатынас болу үшін темперамент иелері ұстамдық көрсетуі қажет. Мысалға холерик пен меланхолик. Холерик ұстамды болу қажет. Ал,меланхолик жүрекке жақын қабылдамауы керек,бірақ бұл екеуіне де оңайға түспейді.Екеуінің де ренжуі тез болып келеді.Осы зерттеудің қорытындысы негізінде біз студенттермен қарым-қатынасқа арналған тренингтерді ұйымдастырдық. Тренинг барысында темпераментке байланысты адамның табиғи көріністері оның басқалармен қарым-қатынасқа бейімделуі көрінеді. Тренингте студенттер өз ойларымен бөлісіп, темпераменттің маңыздылығын түсініп, топтың басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу арқылы әр түрлі байланысты сезінді.

Біз болашақ медицина қызметкерлері болғандықтан өзіміздің негізгі қырларымызды жеке қарым-қатынас тәжірибемизді әрі қарай дамытып, жетік қолдана біліміз керек. Оны біз жанұямыздағы, студенттік топтағы, достар арасындағы тікелей қатынастар арқылы игере аламыз.

Сонымен қатар, зерттеу барысында біз темпераменттің келесі ерекшеліктерін анықтадық. Темпераменттің қарым-қатынастағы рөлін келесідей анықтауға болады: флегматик- тыныш,пайымдаушы; холерик – бағындыру, қайтпау,өктем; сангвиник – сауық құрғыш; меланхолик – қамқорлық, қорғансыз.Темпераментке байланысты өзін-өзі бағалау деңгейі осындай: сангвиник – өзің-өзі жоғары бағалайды, өзінің табыстарытуралы барлығына жария етеді; холерик – жоғары , әрқашанда бірінші болуға ұмтылады, қарсылас; флегматик- өзін-өзі төмендеу бағалайды, сыпайы, көп көрінбейді; меланхолик – өте төмен, ұялшақ, топта көлеңкеде жүреді [3].

Қорытындылай кетсек, адамның қай мазмұнда болмасын өз іс-әрекетін жүзеге келтіруі тікелей темпераментке байланысты. Темперамент психикалық процестердің желісінде көріне отырып, еске түсіру, қабылдағанды бекіту жылдамдығына ықпалын тигізеді, ой жүйріктігі мен зейін тұрақтылығын және оның ауыспалығын айқындап береді. Темпераментті тәрбиелеуде адамдардың ерік-жігерін, мінез бітісін, сезім эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастыруға жүргізілгені дұрыс.

Әдебиеттер

1. Бап – баба С.Б.. Жантану негіздері: Алматы, Заң әдебиеті, 2003.– 306 б.
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2004. – 377 б.
3. Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе, Алматы, 2004

Р.А. Қапенов

«Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік медицина колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Р.К. Мусатаева, «Психология негіздері және коммуникативті дағдылар»
пәнінің оқытушысы

СТРЕСС. СТРЕССЕН ТУЫНДАЙТЫН ПСИХОСОМАТИКАЛЫҚ АУРУЛАР

Мақсаты: стресс туралы анықтама беру және стресстен туындайтын психосоматикалық ауруларды анықтау.

Менің осы тақырыпты алған себебім, қазіргі таңда стресс қоғамда өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Стресс дегеніміз қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі. Ғылымға ең алғаш осы ұғымды енгізген канадалық физиолог Ганс Селье.

Стресс үш кезеңнен тұрады:

1) үрейлену - жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі; 2) төзімділік – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады; 3) әлсіреу – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация пайда болады [1]. Стресті тудыратын әсерлерге қарай *физиологиялық және психологиялық стресс* деп екіге бөледі. Студенттерге ең керекті сәтті жағдай, сабақтағы және колледждегі жағымды көңіл-күй болып табылады. I курс студентінің ұжымға сіңісуі, тұлғаның кәсіби маңызы бар қасиеттері бейімделу кезеңінде қалыптасады. Әсіресе осы бейімделу кезеңінде студенттер күйзеліске көп ұшырайды. Осыған байланысты біз I курс студенттерінен психологиялық күйзеліске төзімділігін қаншалықты деңгейде екенін анықтау үшін зерттеу жүргіздік. Осы зерттеу жұмыстарымызға жеке тоқталып кетсем Бостон университетінің медициналық орталығының психолог-ғалымы ұсынған «Күйзеліске бейімсізба» атты 15 сұрақтан тұратын сауалнама жүргізілді.

Сауалнама қортындысы бойынша:

- 3,5 % студент күйзеліске өте сезімтал;
- 32,8 % студент күйзеліске төзімді;
- 63,7 % студент күйзеліске аздап шалдығады.

Осыған байланысты біз психопрофилактикалық жұмыстарды жүргіздік. Оның ішінде тренинг жаттығулары, психологиялық акциялар.

Қазіргі таңда күйзелістен қашып құтылу мүмкін емес. Себебі ғаламдағы түрлі ақпараттар ағымы жүйкеге салмақ түсіреді. Барлық аурулар жүйке бұзылыстарынан пайда болады.

Психосоматика – медициналық психологияның бір саласы, әртүрлі психологиялық факторлардың арқасында пайда болатын соматикалық ауруларды зерттейді. Психосоматикалық аурулар дегеніміз өткір және созылмалы сипаттағы психотравматикалық уайымдар: бронхты астма, гипертония, стенокардия, язвенный колит және т.б. Негізгі себебі – стресс. Психикалық стресс фактор аффективті қысымға әкеледі, нейроэндокриндік және вегетивті жоғарғы жүйке мөлшерден тыс белсендіреді, ал осы белсенділік ішкі ағзалар мен қан жүйесіндегі өзгерістерге әкеледі [3].

Мысалы, күйзеліс теориясының негізін қалаушы – Ганс Селье өз зерттеу нәтижесінде мынандай қорытынды жасаған: күйзеліс кезінде адамның жүйке жүйесінің қызметі бұзылып, ағзаның қоректенуі нашарлайды, нәтижесінде ішкі ағзаларда физиологиялық және органикалық бұзылулар пайда болады, яғни түрлі аурулардың дамуына әкеп соғады [2].

Күйзелістің салдарынан болатын аурулар: әртүрлі деңгейдегі ұйқысыздық; қатерлі ісік ауруы; ми қызметінің бұзылуы; жүрек қан-тамыр жүйесінің бұзылыстары; ұйқы және қалқанша бездерінің қызметінің бұзылуы; асқазан-ішек жолдарының бұзылыстары; бұлшық еттердің дистрофиясы; инконтиненция; ерте қартаю [4].

Тұжырым: Адам қандай жағдай болмасын өзін-өзі басқара біліп, түрлі күйзеліс жағдайларына түсуден сақтанып, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтануды жолға қоюы керек. Сонымен қатар, әрқашан ойлап, бұл күйзелістің уақытша екеніне өзін-өзі сендіре білуі керек.

Әдебиеттер

1. К.С. Жумасова «Психология»
2. Р.Г. Илешева «Медициналық психология»
3. Франц Александер «Психосоматическая медицина»
4. Ю.А. Юдич «Психология в медицине»

В.Ю. Ковис

КГКП «Колледж бизнеса и сервиса»

Научный руководитель: М.Е. Мусатаева, преподаватель дизайна

ДЕКОРАТИВНОЕ ИСКУССТВО В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Декоративно-прикладное искусство – широкий раздел изобразительного искусства, который охватывает различные отрасли творческой деятельности, направленной на создание художественных изделий с утилитарными и художественными функциями. СобираТЕЛЬНЫЙ термин, условно объединяет два обширных рода искусств: декоративное и прикладное. В отличие от произведений изящного искусства, предназначенных для эстетического наслаждения и относящихся к чистому искусству, многочисленные проявления декоративно-прикладного творчества могут иметь практическое употребление в повседневной жизни. Произведения декоративно-прикладного искусства отвечают нескольким характеристикам: обладают эстетическим качеством; рассчитаны на художественный эффект; служат для оформления быта и интерьера. Такими произведениями являются: плательные и декоративные ткани, мебель, художественное стекло, фарфор, фаянс, ювелирные и другие художественные изделия.

В академической литературе со второй половины XIX века утвердилась классификация отраслей декоративно-прикладного искусства по материалу (металл, керамика, текстиль, дерево), по технике выполнения (резьба, роспись, вышивка, набойка, литьё, чеканка, и т. д.) и по функциональным признакам использования предмета (мебель, игрушки). Эта классификация обусловлена важной ролью конструктивно-технологического начала в декоративно-прикладном искусстве и его непосредственной связью с производством [1].

